



ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ
АСТАНАСЫ

3

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №64 (6626) 18 шілде, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

Алматы
AQSHAMY



12+

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Олжас БЕКТЕНОВ:

МЕМЛЕКЕТТІҢ МІНДЕТІ –

әрбір адамға мүмкіндік беру

Премьер-министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2025 жылдың 6 айындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды. Ал алқалы жиынның қорытындысы бойынша өткен баспасөз мәслихаты әлеуметтік саланың өзекті мәселелері аясында билік пен қоғамның, Үкіметбасы мен журналистердің ашық диалог алаңына айналды.

– Нақты табысты арттыру үшін экономиканы дамыту керек. Жаңа кәсіпорындар ашып, жаңа жұмыс орындар құру қажет. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз бұл бағытта белсенді, кешенді шаралар қабылдап жатырмыз. Биылдың өзінде 190 жаңа ірі кәсіпорын ашылады. Әрине, оған жұмыс күші керек болады. Сондықтан азаматтарымыз жоғары айлығы бар жұмысқа орналасып, өзінің өмір сүру деңгейін көтере алады. Мемлекеттің міндеті – әрбір адамға мүмкіндік беру, – деді Премьер-министр.



Баспасөз мәслихатында Олжас Бектенов мәлімдегендей, Алматы таулы аймағын дамыту – Үкіметтің басты міндеттерінің бірі. Оның айтуынша, табиғи сұлулығы мен шаңғы тебуге қолайлы климаттық жағдайы жағынан Алматы таулары әлемде сирек кездесетін өңірлердің қатарына жатады.

«АЛМАТЫ ТАУЛАРЫ –
байлығымыз
әрі асыл мұрамыз»

– Алматының таулары – байлығымыз әрі асыл мұрамыз. Мұндай көркем табиғат пен сапалы қар жамылғысы тек санаулы елдерде ғана бар. Осы мүмкіндікті пайдалану – ел экономикасы үшін де, экотуризм үшін де маңызды. Сондықтан Алматы тау кластерін дамыту бағытында ауқымды жұмыс басталды, – деді Үкіметбасы. Алматы тау кластері аясында заманауи тау-шаңғы және туристік инфрақұрылым салынады. Жаяу жүргіншілерге арналған соқпақ жолдар, аспалы жолдар, туристерге қызмет көрсету орталықтары бой көтереді. Биыл Көкжайлау шатқалындағы тау-шаңғы инфрақұрылымының құрылысы басталады. Жоба ашық әрі жария түрде жүзеге асырылады. Экологиялық қауіпсіздік талаптарына айрықша мән беріледі.

(Газетіміздің бүгінгі санында Үкімет отырысынан арнайы дайындалған материалдар топтамасын ұсынып отырмыз).

2

АБАТТАНДЫРУ

ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ

жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер үшін қолайлы бола түседі

Мегаполис әкімі Дархан Сатыбалды Абай даңғылынан әл-Фараби даңғылына дейінгі аралықтағы Достық даңғылын кешенді абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. Бұл – қала инфрақұрылымын заманауи әрі жайлы етуге бағытталған маңызды жобалардың бірі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жоба аясында қоғамдық кеңістік жаңартылып, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге қолайлы орта қалыптастырылмақ. Атап айтқанда, кең әрі ыңғайлы тротуарлар төселіп, жасыл желекке бай скверлер, спорт алаңдары мен шағын сәулеттік нысандар бой көтереді. Сонымен қатар, көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, реттелген автотұрақтар ұйымдастырылады.

Бұған дейін бұл учаскеде тротуарлар біркелкі болмай, тар әрі ыңғайсыз еді. Көлік тұрақтары ретсіз орналасқан, ал жасыл аймақтар күтімсіз қалып, велосипед жолақтары мүлде болмаған. Мамандар мұндай келеңсіздіктерді жою үшін аумақты қайта ойластырып, толық жаңғыртуды қолға алған.

Абаттандыру жұмыстары 4,18 гектар аумақты қамтиды. Жаңартылатын жол бөлігі – 1,5 шақырым. Жобаны «Алматыбасжоспар» ғылы-




ми-зерттеу институты әзірлеп, мемлекеттік сабаптаманың оң қорытындысын алған.

Жұмыс сапары барысында Дархан Сатыбалды мердігерлерге белгіленген мерзім мен жобалық талаптарды қатаң сақтау керектігін ескертті. Әкім қала көшелері алматылықтар мен

шаһар қонақтары үшін таза, қауіпсіз және заман талабына сай болуы тиіс екенін атап өтті.

Достық даңғылын абаттандыру – қалалық ортаның сапасын арттыруға, жайлы әрі қауіпсіз инфрақұрылым қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



Олжас БЕКТЕНОВ: МЕМЛЕКЕТТІҢ МІНДЕТІ – әрбір адамға мүмкіндік беру

(Басы 1-бетте)

• *Мемлекет басшысының экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Үкімет тарапынан жүйелі шаралар қабылданып, іске асырылып жатыр. Негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика бар. Жаһандық экономикалық ахуалдың тұрақсыздығына және геосаяси шиеленістің өсуіне қарамастан, Қазақстан экономикасы орнықты өсімді көрсетіп отыр.*

Бағаны тұрақтандыру – Үкімет пен әкімдіктер жұмысының маңызды басымдығы

Жиында экономиканы әртараптандыру арқылы ұзақмерзімді әрі орнықты өсімді, негізгі капиталға салынатын инвестициялар мен тікелей шетелдік инвестициялар бойынша нысаналы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету бағдарлары сараланды. Осыған байланысты өңірлік инвестициялық штабтарды неғұрлым белсенді пайдалану міндеті қойылды. Жоғары технологиялық өнім шығару саласында экспортқа бағдарланған жобаларға баса назар аудару қажеттігі айтылды. Өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсуі үшін ұзақмерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ете отырып, отандық кәсіпорындардың өндірістік жүктемесін арттыру тапсырылды. Сонымен қатар, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда тиісті инженерлік, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын құру жұмыстарын жеделдету қажеттігіне маңыз берілді. Үкіметбасы халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын белсенді тартудың маңыздылығын атап өтті. Еліміздің транзиттік әлеуетін одан әрі кеңейту үшін көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыру шараларын жеделдету міндеті қойылды.

Олжас Бектеновтің тұжырымдауынша, инвестицияларды белсенді түрде тарту түрлі салаларда аса маңызды бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды бастауға ықпал еткен. «Алдағы жылдары 3 мың шақырымнан астам автокөлік жолын күрделі жөндеу, өткізу бекеттерін жаңғырту, Қазақстан арқылы өтетін теміржол дәлізі аясында жаңа жобаларды іске асыру, халықаралық авиахабтар құру жұмыстары басты назарда болуға тиіс. Бұл шаралар 2028 жылға қарай әуе көлігімен жүктерді тасымалдау көлемін, сондай-ақ 2027 жылға қарай теміржол транзитін 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді», — деді спикер.

Отырыста мүдделі мемлекеттік органдарға сауда саласының одан әрі дамуын және отандық өнімнің сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылымды қабыптастыру үшін арнайы аграрлық азық-түлік маркетингін құру бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды. Орталық және жергілікті атқарушы органдарға Инфляцияны бақылау мен төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз ету жүктелді. Бектенов мәлімдегендей, бағаны тұрақтандыру – Үкімет пен әкімдіктер жұмысының маңызды басымдығы. Өңірлер ішкі нарықты өніммен қамтамасыз ету және делдалдық схемаларды анықтау жұмыстарын күшейтуге тиіс. Барлық бағыттар мен салалар бойынша кең ауқымды шараларды жүзеге асыру – тұрақты экономикалық өсімнің берік негізі.

2025 жылғы қаңтар–маусым: ЖІӨ – 6,2%

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің айтуынша, Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша 2025 жылы әлемдік экономиканың өсу қарқыны 2,8%-ға дейін баяулайды деп күтілуде. Бұл ретте бірінші жартыжылдықта Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 771,7 құрап отыр.

Вице-премьер тұрақты өсудің негізі – нақты сектор болғандықтан, капиталды көп қажет ететін және перспективалы салаларға баса назар аударылатынын мәлімдеді.



Олар – өңдеу және тау-кен өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен мен инфрақұрылымдар. Бұл секторларға мемлекеттік қолдау ішінара және нәтижелі түрде көрсетілмек. Ал автожол және теміржол инфрақұрылымын дамытуға 2 трлн. теңге көлемінде мемлекеттік кепілдіктер көзделген, бұл 12,1 мың шақырым автожолдар мен 5 мың шақырым

темір жолдарды қамтуға мүмкіндік бермек. Мәлім болғандай, алдағы уақытта экономиканың тиімді өсуі бағдарламасын әзірлеу жоспарланып отыр.

Жиында биыл салық-бюджет саласындағы реформаларды іске асыру аясында алғаш рет жергілікті бюджеттер Өңірлік стандарттар жүйесі негізінде қалыптастырылаты-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМНІҢ НЕГІЗІ – стратегиялық жоспарлау мен жүйелі саясат

Еліміз 2025 жылдың алғашқы жартысын жақсы көрсеткішпен қорытындылап отыр. Биылғы алты айда, соңғы 12 жыл бойына қол жетпеген 6,2% өсімге қол жеткізілді. Ұлттық қорға 4,7 млрд. доллардан астам инвестициялық табыс келген. Мұндай экономикалық өсімнің негізі – стратегиялық жоспарлау мен жүйелі саясат. Былтыр, басқалар. Бұл тұрғыда басты мүдде Мемлекет басшысының «Ана тілі» газетіне берген сұхбатындағы орталықтан батысқа қарай үлкен автожол дәлізін салудың маңызы туралы мәлімдемесі ұлттық экономика дамудың өзіндік даму жолымен келе жатқандығын көрсетсе керек.

Үкімет ұлттық экономиканы әртараптандыруға ерекше көңіл бөліп отыр. Мысалы, «Бәйтерек» холдингі желісі арқылы қосымша 8 трлн. теңге инвестиция тартып, жалпы құны 1,5 трлн. теңге болатын 190 өнеркәсіптік жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Мұндай қадамдар отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұнай-газ химиясы, автомобиль жасау, теміржол машина жасау және тыңайтқыштар өндіру сияқты жаңа салаларға басымдық беріледі. Бұл бағыттар әлемдік нарықтағы сұранысқа жауап беріп, Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттырып отыр. Алайда, аталмыш салалардың ұзақ мерзімді, тұрақты жұмыс жасауы технологиялық трансфер мен жоғары білікті мамандардың даярлығын талап ететінін ұмытпауымыз қажет.

Маңызды экономикалық өсімді қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі – инфрақұрылымды жаңғырту. Вице-премьер Роман Скляр авиация саласын дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндамасында соңғы жылдары 20 ұшу-қону жолағы мен 19 терминал қайта жаңартылып, Түркістанда жаңа әуежай салынғанына ерекше тоқталды. Жеке инвестициялар есебінен Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында жаңа жолаушылар терминалдары пайдалануға берілген. Біздіңше, мұндай жобалар елдің көлік логистикасын жақсартып қана қоймай, инвестициялық тартымдылығын да арттырады.

Елімізде жиі сыналатын туризмді дамыту экономикалық саясаттың жаңа бағыты ретінде қарастырылып отыр. Вице-премьер Ермек Көшербаевтың мәлімдеуінше, туризм тек демалыс саласы ғана емес, шағын және орта бизнестің дамуына серпін беретін сала. Қапшағайда құрылған туристік аймақ мемлекет пен жеке сектор ынтымақтастығының тиімді моделін көрсетеді. Бұл бағытта туристік инфрақұрылымды дамытуды көздейтін жаңа жобалар іске асырылмақ. Жалпы алғанда, 450 млрд. долларлық ЖІӨ-ге жету амбициялық мақсат болғанымен, оның орындалуы экономикалық саясаттың тиімділігіне, институционалдық реформалардың сапасына және халықаралық инвестицияларды тарту деңгейіне тәуелді. Үкіметтің алдағы жылдары қабылдайтын шешімдері Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі факторға айналып отыр. Инновациялық жаңалықтарды енгізу, цифрлық технологияларды дамыту, кадрлық әлеуетті арттыру және аймақтық теңгерімді сақтау – ұзақмерзімді макроэкономикалық мақсатқа қол жеткізудің өзегі деп білеміз.

Жалпылай алғанда, ұлттық экономикамыз стратегиялық даму бағыттарын нық айқындап, ресурстарды терең өңдеу мен жоғары технологиялық салаларды дамытуға басымдық беріп отыр. Біз әлемге тек мұнай өнімдерін экспорттайтын ел ретінде емес, экономикасы әртараптанған, дайын өнімдермен қатар шикізат өнімдерін де экспорттайтын ел ретінде жаһандық экономикаға терең интеграцияланған мемлекетке айналамыз.

нына маңыз берілді. Маусым айында Парламент жаңа Салық кодексін қабылдағаны белгілі. Үкіметтің бағалауы бойынша, 2026 жылдан бастап оны іске асыру бюджетке 3–5 трлн. теңге мөлшерінде қосымша түсімдерді қамтамасыз етпек.

Серік Жұманғарин Қазақстан жаһандық тұрақсыздық жағдайында да инвестициялық рейтингті сақтап отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, инвесторлардың Қазақстан экономикасына деген сенімі жоғары деңгейді көрсетіп отыр. 2025 жылы шамамен, \$25 млрд. тікелей шетелдік инвестиция тарту жоспарлануда. «Инвестицияларға тарифті айырбастау» саясаты шеңберінде реттелетін тарифтердің орташа өсімі 14%-ды құрап отыр, бұл ТКШ инфрақұрылымын жаңартуға 150 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсауға мүмкіндік берген. Жыл соңына дейін салаға құйылған инвестициялардың жалпы көлемі 1 трлн. теңгеден асады. Бұл ретте халыққа салмақ салмау үшін тарифтердің жоспарлы өсуі тежелмек, олар электрмен және жылумен жабдықтау бойынша 35-тен 20%-ға, сумен жабдықтау, кәріз және газ бойынша 50-ден 30%-ға дейін төмендетілмек.

Елімізде мемлекеттік секторды оңтайландыру мәселесі алдағы уақытта кезең-кезеңмен жүргізілмек. Спикер айтқандай, жыл соңына дейін мемлекеттік активтерді оңтайландырудың 2026–2030 жылдарға арналған жаңа жоспары бекітілетін болады. Ауылдық аумақтарды қолдауға ерекше назар аударылып отыр.

«Әр істі жеке-жеке шешіп, барлық басқа схемалардың жолын кесеміз»

Үкімет отырысынан кейінгі баспасөз мәслихатында республикалық бюджеттің 50%-дан астамы жыл сайын әлеуметтік саланы қаржыландыруға бағытталатыны, бұл қаражат зейнетақыға, бюджет қызметкерлерінің жалақысына, көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған азаматтарға, мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақыларға, сондай-ақ мектеп, аурухана салуға және инфрақұрылымды дамытуға жұмсалатыны айтылды. Бұл бағытта Үкімет кешенді, жүйелі жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бөлінетін ресурстарды пайдалану тиімділігіне бақылау күшейтілді. Бірқатар параметр мен тәсілдерді қайта бағалау жүргізіледі. Премьер-министр жүргізілген талдау шеңберінде әлеуметтік әділеттілік қағидатына қайшы келетін қолдау шараларын теріс пайдалану фактілері анықталғанын атап өтті. «Біз қазір еліміздің барлық халқын алты санатқа бөлген жолмен жүріп жатырмыз. Отбасының цифрлық картасы жұмыс істейді, деректер цифрланған, барлығы әл-ауқат деңгейі бойынша бөлінеді. Алтыншы санат – табыс деңгейі жеткілікті жоғары отбасылар мен адамдар. Алтыншы санатты біз әлеуметтік көмек алушылар қатарынан алып тастаймыз, өзін қамтамасыз ете алмайтындарға, жұмыс істей алмайтындарға көбірек көңіл бөлеміз. Мысалы, балалармен айналысатындықтан көпбалалы аналар, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі азаматтар жұмыс істей алмайды. Біз оларға көп көңіл бөлетін боламыз. Өкінішке орай, бізде әлеуметтік тәуелділік пен әлеуметтік алаяқтық фактілері бар. Біз қазір әр істі жеке-жеке шешіп, барлық басқа схемалардың жолын кесеміз. Әлеуметтік көмек өзін қамтамасыз ете алмайтын адамдарға көрсетілуі тиіс», — деп атап өтті Олжас Бектенов.


ТҮЙІН: жыл соңына дейінгі экономикалық сапалы өсудің қамтамасыз ету мен азаматтардың әл-ауқатын арттырудағы Үкіметтің негізгі басымдықтары: экономикалық өсімді 6%-дан төмендетпеу, инфляцияны 10–11%-ға дейін төмендету (2026 жылы – 10%-дан төмен), \$25 млрд. инвестиция тарту, негізгі капиталға инвестицияларды 26 трлн. теңгеге дейін және ЖІӨ-дегі ШОБ үлесіне шамамен, 40%-ға жеткізу.



БІЛІМ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АСТАНАСЫ

Алматыда жоғары білім беру құқығына ие 35 жоғары оқу орны бар



Әлемдегі жетекші экономикасы бар мемлекеттерде табысының негізгі көзі академиялық қызмет ретінде саналатын қалалар бар. Алматы да осы қалалар қатарына қосылуы керек. Кеңес дәуірінде іргетасы қаланған инфрақұрылымдарды, зерттеу орталықтарын модернизациялап, жаңа заманға лайықтау негізгі міндеттер қатарына қосылды. Қазақстанның барлық студенттерінің жартысынан көбі Алматыда оқиды. Бұл – қаланың күнделікті тыныс-тіршілігіне, инфрақұрылымына, қоғамдық көлік пен барлық қызмет көрсету орындарына үлкен салмақ. Алайда, Орталық Азиядағы «білім астанасы» бейресми статусына ие шаһардағы ЖОО-лар жыл сайын студенттік контингент санын көбейтіп келеді. Бұдан бөлек, шетелден келетін 15–20 мың студент тағы бар.

САПАЛЫ БІЛІМ,
БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ОРТА

Алматы – қазақ мәдениеті мен жастарының орталығы. Республиканың түкпір-түкпіріндегі кеудесіне арман отын жаққан әрбір талапкерді, білім жолына түспекке ынтылы жасөспірімдерді бір тылсым күш Алматыға тартып тұрады. Бұдан бөлек, еліміздегі жоғары оқу орындарының үштен бірінен көбі Алматыда шоғырланған. Бұл да сапалы білім, бәсекеге қабілетті орта іздеген талапкерлердің осы шаһарға бет бұрып, табан тіреуіне айрықша әсер етеді.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің ірі қалаларында – облыс орталықтарында көптеген жоғары оқу орындары орнын нықтап, жұмысын заманауи талапқа бейімдеп, жүйелі жолға түскенін жоққа шығармаймыз. Сондай-ақ, аймақтағы жоғары оқу орындарында да мыңдаған мамандар даярланып, еңбек нарығына шығып жатыр. Дамушы әрі демографиялық өсім халі сақталып тұрған біздің ел үшін ЖОО аздық етпейді, керісінше жоғары білім беру нарығында бәсеке қалыпта-сады, сапа өседі.

Елімізде жоғары білім беру саласы бойынша уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі. Бүгінде ел көлемінде жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдау науқаны қызу жүріп жатыр, жаңалықтар да аз емес. Бұл – жоғары оқу орындарының

әрбір талапкер үшін нарықтық бәсекеге түсетін, өз қызметтері мен мүмкіндіктерін кеңінен жарнамалайтын кезең.

Алматы қаласында жоғары білім беру құқығына ие 35 жоғары оқу орны орналасқан. Бұған биыл талапкерлер қабылдай бастайтын бірнеше шетелдік ЖОО филиалдарын қосыңыз. 8 мыңға жуық түлекті еңбек нарығына жолдаған алматылық ЖОО-лар биыл тағы да сонша талапкер қабылдайды. Кейінгі бесжылдықта Алматы қаласындағы студенттер саны 185–200 мың шамасында. Бұл сандардан тұрақты өсім байқалады.

БАСПАНА – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Алматыға студенттердің көп шоғырлануы – заңды құбылыс. Оның үстіне кейінгі жылдары еліміздің жоғары білім беру саласындағы ұстанымдары нәтижесінде әлемдік деңгейде аты танылып, бренд-беделі қалыптасқан оқу орындарының осы қалада филиалдарын ашуы да жастардың қызығушылығын күшейте түсті.

Шаһардағы басты мәселе – қыркүйекте артынып-тартынып келген студенттерді жатақханаға орналастыру. Жоғары білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарда «жоғары оқу орнында жатақханаға мұқтаждығы бар студенттердің өтінішін толық қанағаттандыру» сипатында міндеттеме бекітілген. Бұл шаруа қала басшылығын да айналып өтпейді. Қаланың жастар саясаты жұмысына жауапты

басқарманың да, осы салаға жауапты басшылардың да қауырт жұмысы осы кезеңде басталады. Ірі қалаларда жатақханада орын жетпеген жағдайда хостелдерді жалға алу механизмі жұмыс істейді. Алайда, бұл шешімнің кері тұстары көп: мәселен, қауіпсіздік талаптарының сақталмауы, санитарлық нормалардың талапқа сай болмауы және т.б.

Алматыдағы жатақхана тапшылығы 2022–2023 оқу жылы 32 мың шамасында болса, 2024–2025 оқу жылы алдында 10 мың шамасына дейін түсті. Бірнеше жоғары оқу орны заманауи Студенттер үйінің құрылысын аяқтап, пайдалануға беріп үлгерді. Бүгінгі таңда студенттер үшін бәсекеге түсетін жоғары оқу орындары талапкерлерге ең қолайлы әрі қолжетімді жағдай ұсыну үшін жұмыстанатын деңгейге жетті.

Алматы қаласының әкімдігі мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері оқу жылы басталғанша қаладағы барлық жатақханалардың студенттерді қабылдау дайындығын тексереді. Оқу жылының алғашқы апталарында жоғары оқу орындары жаңадан қабылданған студенттерге бейімделу шараларын өткізеді. Осы жұмыстың барлығы студенттердің заң мен тәртіпке құрмет көрсету, қоғамдық ортада мәдениетті азамат ретінде қалыптасу сияқты құндылықтарды игеруіне бағытталған.

Биылғы оқу жылы қарсаңында бірнеше жыл бұрынғы сөмке арқалап көшеде қонған студенттер болмайды деген сенім бар. «Алматы қаласын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында жатақхана дефициті толық жойылады деген мақсат бар. Мемлекет басшысының айрықша тапсырмасы негізінде жатақхана құрылысын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүргізу бұл мақсатты жүзеге асыру қарқынына ерекше серпін берді.

РЕЙТИНГ ЖӘНЕ
БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК

Рейтинг жарысы нарық қатысушылары үшін абырой-беделдің мәселесі деп саналады. «Орталық Азияның білім астанасы» деген бейресми статусы бар Алматыда

аймақтағы рейтинг көшбасшылары орналасқан. QS World University Rankings рейтингінде әлемдік үздік университеттер арасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 166-орынға тұрақтаған. Ал QS Central Asia аймақтық рейтингінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тұрақты бірінші орын иеленсе, алғашқы ондықтағы 9 университет қазақстандық жоғары оқу орындары болды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ұлттық рейтинг» жобасын жүзеге асыру үстінде. Жоба әлемдік ЖОО рейтингтеріне ұқсас, алайда ұлттық ерекшеліктерге негізделген. Жоғары оқу орнының профессор-оқытушылық құрамы және оның біліктілік сапасы, материалдық-техникалық базасы және жұмыспен қамту көрсеткіші сияқты ондаған критерийлер арқылы түзілетін ақпарат талапкерлер үшін қолжетімді болмақ. Сондай-ақ, рейтинг нәтижесі мемлекеттік гранттарды бөлу ісінде де негізгі басымдыққа ие болмақ. Бұдан бөлек, «Атамекен» ҰҚП, тәуелсіз рейтинг агенттіктері де жыл сайын қазақстандық жоғары білім беру мекемелерінің жұмыс тиімділігін бақылап келеді.

АЙМАҚТА ЖӘНЕ КӨПТЕГЕН
ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ
БАЛАМАСЫ ЖОҚ ҚОЛДАУ

Алматыдағы жоғары оқу орындары мен шетелдік ЖОО филиалдарының басты мәселесі – ғимарат және материалдық, техникалық база. Жоғары білім саласына тікелей инвестиция тарту және шетелдік студенттердің санын арттыру осы мәселелерді шешуге бағытталған. Шетелдік жоғары оқу орындарының кейбірі ғана қала әкімдігінің қолдауымен өз кампустарының құрылысын жүргізіп жатыр. Көпшілігі Орталық Азияда алғаш жұмыс істегендерін алға тартып, тәуекелдерді азайту үшін ғимараттарды жалға алуды жөн санайды.

Қазақстан мен Орталық Азияның академиялық орталығы саналатын шаһардың екі тізгін, бір шылбырын қолға алған Дархан Амангелдіұлы дәл осы шаруада да ұтымды шешім қабылдайды деген сенім бар. Құр сенім емес, Түркістан облысының әкімі қызметін атқарып жүргенде құрылысы аяқталмаған ғимаратты корейлық жетекші жоғары оқу орнына ұсынып, киелі шаһардың қақ ортасында сәулеті келіскен филиал ашқанын жұрт біледі.

ҚР Үкіметінің 2028 жылға қарай шетелдік студенттер санын 100 мыңға жеткізу міндеті орындалса, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Алматы қаласы әкімдігінің ортақ жұмысының қарқыны арта берері белгілі. Шетелдік студент жақсы инвестиция болса, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету де негізгі міндет қатарында.

Еліміздегі барлық студенттердің 30 пайызы мемлекеттік грант негізінде оқиды, бұл – аймақта және көптеген әлем елдерінде баламасы жоқ қолдау. Осы қолдау негізінде жоғары оқу орындарының басты міндеті – бәсекеге қабілетті, заманауи дағдыларды меңгерген мамандарды еңбек нарығына шығару. Ал сапалы маман – ел дамуының негізгі қозғаушы күші. Осындай ұлттық маңызы бар міндеттің тең жартысы Алматы қаласының мойнында.

Аманат арқалаған Алматы. Жауапкершілік жүктелген жоғары оқу орындары. Жаңа оқу жылы табысты болсын!

Әділет
МӘДЕНИЕТ,
сарапшы.



АУЫС-ТҮЙІС

ҮШ
БАСҚАРМА:
жаңа басшылар
тағайындалды



Алматы қаласында бір-қатар кадрлық өзгерістер болды. Қала әкімі Дархан Сатыбалдының өкімімен үш басқармаға жаңа басшылар тағайындалды. Атап айтқанда, Алматы қаласының Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының басшысы лауазымына Батырхан Сүлейменов тағайындалды. Ол 2015 жылы Ұлыбританиядағы Кардифф Метрополитен университетін «менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдаған, Халықаралық көлік-гуманитарлық университетінің құрылыс магистрі.

Еңбек жолын 2014 жылы халықаралық Deloitte аудиторлық ұйымында бастаған. Әр жылдары коммерциялық және мемлекеттік ұйымдарда басшылық лауазымдарда қызмет атқарған. 2017 жылы құрылыс компаниясының бас директоры қызметін атқарды. 2020–2024 жылдары Алматы қаласының Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы басшысының орынбасары болған. 2024–2025 жылдары Алматы қаласының Сейсмикалық қауіпсіздік және мобилизациялық дайындық басқармасының басшысы міндетін атқарған.



Ал Энергетика және сумен қамтамасыз ету басқармасының басшысы лауазымына Нұрбақыт Серікбай тағайындалды. Ол Алматы Энергетика және байланыс университетін «жылу энергетикасы» мамандығы бойынша тәмамдаған. «Жылу энергетикасы» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алған. Еңбек жолын 2018 жылы қараша айында Алматы қаласының Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының энергия және жылумен қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы қызметінен бастаған.

2022 жылы тамыз айында Алматы қаласы Энергетика және сумен қамтамасыз ету басқармасының энергия және жылумен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы лауазымына ауыстырылған.

2023 жылы 22 тамыздан бастап Алматы қаласы Энергетика және сумен қамтамасыз ету басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарған.



Алматы қаласы әкімінің өкімімен Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы қызметіне Алмас Жаңбыршы тағайындалды. Ол 1979 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясын және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын 2003 жылы сәулетші болып бастаған. 2005–2018 жылдар аралығында Алматы қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеген.

2018-2019 жылдары «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС директоры болған.

2019-2021 жылдары Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарған.

2021-2022 жылдары «Астанабасжоспар» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС директоры атанған. 2022-2023 жылдары Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы болған. Осы тағайындауға дейін Астана қаласы әкімінің кеңесшісі қызметін атқарған.

СЕРІКТЕСТІК

ЖАСЫЛ ЖОБА – ЖАҢАНДЫҚ МҮДДЕ

Алматы инфрақұрылымын жаңғыртуға
халықаралық қолдау көрсетіледі

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Еуропалық қайта құру және даму банкінің Орталық Азия және Моңғолия елдері бойынша басқарушы директоры Хусейн Озханмен жұмыс кездесуін өткізді. Тараптар қалалық инфрақұрылымды жаңғырту саласындағы ынтымақтастықты тереңдету және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Дархан Сатыбалды Алматы Қазақстандағы инвестициялық тартымдылығы жоғары өңірлердің бірі болып қала беретінін атап өтті. Соңғы үш жылда мегаполиске тартылған инвестиция көлемінің жылдық орташа өсімі 16% болды. Халықаралық Fitch агенттігі Алматының кредиттік рейтингін «BBB+» деңгейінде растады, бұл ЕҚДБ желісі арқылы да сырттан қаржы тартуға қолайлы жағдай жасайды.

Кездесу барысында экологиялық көлік жобаларын жүзеге асыруға арналған «жасыл» облигация шығару, оның ішінде LRT құрылысы, электроав-



тобустарға арналған инфрақұрылым құру және тартқыш қосалқы станцияларды жаңғырту сияқты қазіргі және келешектегі бастамалар талқыланды.

Сонымен қатар, Алматыда халықаралық қаржы институттарынан тікелей қарыз алу мүмкіндігі бар екені атап өтілді. 2025 жылы қаланың сыртқы қарыз алу лимиті 2,3 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайтылды, бұл «жа-

сыл» қаржыландыру механизмдерін белсенді енгізуге және қалалық ортаның сапасын арттыруға бағытталған ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында тараптар стратегиялық әріптестікке қызығушылық танытып, Алматының тұрақты дамуы аясында одан әрі өзара іс-қимылға дайын екендіктерін білдірді.

ЗАҒСЫЗ НЫСАН

ҚҰЖАТЫ ЖОҚ ҚҰРЫЛЫС
ҚИРАТЫЛДЫ

Сот шешімі бойынша Оспанов Скөшесі, 89/91 мекенжайдағы нысан сүрілетін болды. Бұл ақпаратты Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы хабарлады. Меншік иесі тиісті құжатсыз нысанның салуға, тіпті еш рұқсатсыз нысанның тірек қабырғасын тұрғызған.

Жоспардан тыс жүргізілген тексеріс аясында меншік иесіне қатысты әкімшілік шаралар қабылданды. Берілген нұсқамалар орындалмағандықтан басқарма нысанды бұзу жөнінде талап-арыз берді.

2024 жылы 12 сәуірде Медеу аудандық соты талап-арызды қанағаттандырды. 2024 жылы 1 шілдеде Алматы қалалық сотының қаулысымен бірінші сатыдағы шешім өзгеріссіз қалды. Әділет департаменті сот орындаушыларының қатысуымен нысан сүріліп жатыр.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ ТЕГІН ЧИПТЕЛЕДІ

2025 жылы 15 шілдеден желтоқсанға дейін Алматыда ит пен мысықты тегін чиптеу басталды. Қызмет қаланың барлық тұрғындарына қолжетімді. Шамамен, 15 мың жануарды чиптеу жоспарланған.

Қай жерде чиптеуге болады?

Ветеринарлық клиникалар (алдын ала жазылу WhatsApp арқылы):

- Mastino: Есенберлин көшесі, 217 (+7 707 327 44 88);
- Allvet: Төле би көшесі, 279 Б (+7 747 438 38 87);
- Taugul Vet Boutique: «Таугұл-1» ш/а., 47-үй (+7 707 541 30 38);
- «Айболит»: Абай даңғылы, 26 (+7 708 972 02 07);
- Dog Premium (Зимняя): Зимняя көшесі, 1 Б (+7 707 277 56 19);
- Dog Premium (Грибоедов): Грибоедов көшесі, 105 (+7 707 339 33 28);
- Vet Elite: Күдерин көшесі, 6/2 (+7 778 241 89 82);
- Banzai: Сейдімбек көшесі, 26 А (+7 707 327 01 01).

Сонымен қатар, ветеринар мамандар үй аралау барысында да чиптеу жүргізеді. Үй аралау қызметіне өтінішті мына +7 707 968 79 29 WhatsApp нөмірі арқылы қалдыруға болады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Медеу ауданы:

ТИІМДІ ЖОБАЛАР, ЖАҢА ЖЕЛІЛЕР

Тұрғындар үшін қолайлы орта, жайлы тұрмыс қалыптастыруға бағдарланған

Медеу ауданы соңғы жылдары ауқымды жаңғыртудан өтіп, мұнда тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру жолында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Инженерлік инфрақұрылым, білім беру, қоғамдық кеңістікті абаттандыру сынды маңызды салаларда қабылданып жатқан шешімдер мен жүзеге асырылып жатқан жобалар – осының айқын дәлелі. Аудан әкімі Еркебұлан Оразалиннің айтуынша, Медеудің әрбір бөлігі заман талабына сай жаңарып, тұрғындарға жайлы да қолайлы орта қалыптастыру басты мақсатқа айналған.

Ернұр
РЫСБАЙ

Сумен жабдықтау – басты назарда

Медеу ауданының ең өзекті мәселелерінің бірі – сумен жабдықтау мен кәріз жүйесіне қосу жұмыстары бүгінде нақты шешімін табуда. Тұрғындарды, соның ішінде алыс және таулы аймақтарды орталықтандырылған су жүйесіне қосу мақсатында бірқатар ірі жоба қолға алынған.

Мәселен, 2023 жылдың қазан айынан бастап «Балқаш» резервуарынан «Мұзтау» шағынауданына дейін 2,2 шақырым магистральдық желі тартылып, бұл жұмысқа 574 миллион теңге бөлінді. Жобаның нәтижесінде 2000 адам таза ауызсуға қол жеткізеді деп күтілуде. Жұмыс 2025 жылдың қыркүйегінде аяқталады.

«Каменское плато» шағынауданына былтыр 6 артезиан ұңғымасы, 12 сорғы, 7 резервуар орнатылып, 6,1 шақырым магистраль салынса, биыл 50 шақырым тарату желісінің құрылысы басталды. Бұл жобаның арқасында тұрғындар тұрақты әрі сапалы ауызсумен қамтылады. Құрылыстың аяқталу мерзімі – 2026 жылдың қыркүйегі. Сондай-ақ, «Атырау», «Алатау», «Горный гигант», «Малая Станица» шағынаудандарында 21 шақырым су құбыры мен 45,2 шақырым кәріз желісі салынып жатыр. Осы жобалардың нәтижесінде 21 мыңнан астам тұрғын алғаш рет орталық су жүйесіне қосылады.

2023-2024 жылдары «Каменское Плато», «Көлсай», «Юбилейный» шағынаудандары мен Халиуллин көшесінде жалпы ұзындығы 11,6 шақырым су желісі тартылып, 13 мыңнан астам тұрғынға таза су жеткізілді. Әсіресе, бұған дейін бұлаққа тәуелді болған «Көлсай» мен «Юбилейный» тұрғындары үшін бұл – үлкен жетістік. 2024 жылы жоба «Кеңсай», «Думан» шағынаудандарын, жеке сектордағы бірнеше көшені қамтыды. Бұл 67,6 шақырым жаңа желіні қамтып, 22,7 мың тұрғынға пайдасын тигізді. Әсіресе, таулы аймақтарда кәріз жүйесімен бірге жүзеге асып жатқан бұл жұмыстар экологиялық қауіптің алдын алуға бағытталған.

2025 жылы «Алатау», «Каменское Плато», «Горный гигант», Рысқұлов, Құлжа тас жолы, Шығыс айналма жолы мен Тайыров көшесін қамтитын 116 шақырым жаңа инженерлік желі салынып жатыр. Бұл шамамен, 19 мың тұрғынның тұрмысын жақсартпақ. Ал 2026 жылы «Асқартау», «Юбилейный», «Кеңсай», «Алатау», «Зеленстрой», «Радуга», «Мичуринец» шағынаудандарын қамтитын жобалар жалғасады.

«Барлық жобалар сәтімен іске асса, 2-3 жыл ішінде Медеу ауданының тұрғындарын орталықтандырылған сумен, кәріз жүйесімен 98 пайызға дейін қамтимыз», – деді Еркебұлан Оразалин.

Заманауи мектептер мен балабақшалар

Білім саласы да ерекше назарда. Медеу ауданында қазіргі таңда 48 білім беру мекемесі бар: 28-і мемлекеттік, 20-сы жекеменшік. Бұл мекемелерде шамамен 36 мың оқушы білім алуда. Алайда, тағы 4500 оқушы орны жетіспейтіні белгілі болды. Мәселені шешу үшін жаңа заманауи мектептер салынууда. Қыркүйек айына дейін Құлжа тас жолының оңтүстігінде 2000 орынды жаңа мектеп, сондай-ақ 599 орынды жекеменшік мектептің құрылысы аяқталмақ. Бұдан бөлек, «Думан» шағынауданында 1200, Халиуллин көшесінде 300 орынды екі жаңа мектептің құрылысы басталды. Келер жылдың соңына дейін барлығы 4099 оқушы орны пайдалануға берілмек.

Сондай-ақ, қолданыстағы мектептер де кеңейтіліп жатыр. Жыл соңына дейін №35, №99 мектеп пен Назарбаев Зияткерлік мектебінде қосымша ғимараттар салынып, 870 орын ашылады. №131 мектепке қосымша құрылыс қараша айында басталады. №168 мектеп үшін де жаңа жоба дайындалуда.

Жөндеу жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. №33 пен №161 мектепте күрделі жөндеу жүріп жатыр. «Самал» шағынауданындағы №30 мектеп «Кәсіпкерлік мектебі» жобасымен біріктіріліп, қосымша 400 орын ашыла-

ды. Бұл жұмыстар 2026 жылдың қыркүйегіне дейін аяқталмақ.

Мектепке дейінгі білім беру де қарқынды дамуда. 2024 жылдан бастап 738 орынды 14 жеке балабақша ашылса, 2025 жылдың соңына дейін тағы 10 балабақша ашылады. Тамыз айында №195 балабақша жөнделіп, оның сыйымдылығы 140 орынға артады. №110, №157, №166 және №196 балабақшалардағы жөндеу жұмыстары 2025 жылдың тамыз айында аяқталмақ.

Қоғамдық кеңістіктер мен аулалар

Медеу ауданында қоғамдық кеңістікті дамыту, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру – әкімдік жұмысының маңызды бағытына айналды. 2025 жылы да аудан көлемінде кешенді абаттандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Шілде айында аумағы 3,4 гектар болатын «Тереңқұр» жобасы аяқталып, мұнда балалар және спорт алаңдары, көгалдандыру мен демалыс аймақтары салынады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 34 жоба іске асырылып жатыр. 650-ден астам тұрғыннан ұсыныс түсіп, осы мақсатқа 2 млрд теңге бөлінді. Мамыр мен қыркүйек аралығында 17 аула мен 13 қоғамдық кеңістік жаңартылып, төрт аумақта автоматты суару жүйесі орнатылады.

Мамыр айынан бері 60 ауланы күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Бұл жобаның құны – 2,6 млрд теңге. Жөндеу барысында балалар және спорт алаңдары салынып, жарықтандыру, көгалдандыру мен демалыс аймақтары жасалуда. Жөндеу жұмыстары күзде толық аяқталады.

Құны 500 млн теңге болатын үш ағымдағы жөндеу жобасы – Қарасай батыр көшесінің жаяу жүргінші аймағын, Уәлиханов бульвары мен ВОАД-тың бос жатқан аумағын қамтып отыр.

Медеу ауданында 536 аула бар, оның 414-і мемлекеттік тұрғын үй қорына жатады. Тозығы жеткен аулаларға кезең-кезеңімен күрделі жөндеу жүргізілуде. 2023 жылы 80 аулада жөндеу жүргізіліп, 27 аула «Халық қатысатын бюджет» аясында абаттандырылды. 2024 жылы 13 аула жөнделіп, 46 аула жаңартылды. 2026 жылға дейін тағы 31 ауланы жаңарту көзделуде.

Аудан әкімінің орынбасары Азат Кәкетаевтың айтуынша, тұрғындардың пікірі ескеріліп, жобалар солардың сұранысына сай жүзеге асырылуда.

Баспасөз турын түйіндесек, Медеу ауданында ауқымды жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Аудан әкімдігі бұл игілікті істерді бұдан әрі де жалғастыруға ниетті. Басты мақсат – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

АЛМАТЫЛЫҚ ӘЖЕЙ

жастарды бардың қадірін білуге шақырады

Алматының ең іргелі деген Бостандық ауданы күн санап көркейіп келеді. Әсіресе, жаяу жүргіншілер жолы, тротуарлар кеңейіп, скверлерге сән кіріп, балалар, жастар алаңдары бой көтере бастады. Бұл жұмыста алматылықтардың да үлесі ерекше. Себебі, өзі ауасын жұтып, күнде өзі жүріп жүрген жолға, саябаққа не керек екенін тұрғындардан артық ешкім білмейді. Сондықтан олар «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына белсене қатысып, ұсыныс-тілегін білдіріп, әкімдікпен бірлесе жұмыс істеуде.

Нұржамал
ӘЛІШ

Біз Гагарин даңғылы бойындағы бульвармен келе жатып, орындықта тынығып отырған Роза Молдобекованы (суретте) көріп, жанына аялдадық. Көпті көрген әжеймен жақынырақ танысып, қаланың тыныс-тіршілігін, шаһардың

келбетін үлкен кісінің көзімен көруді ұйғардық.

Алматыда тұрып жатқанына 30 жылдан асыпты. Бауыр басып қалғаны соншалық, басқа қалаға қыдырып кетсе, осында асығатынын, сағынып тұратынын да жасырмады.

– Аяғымның ауыратыны бар. Таңмен таласа тұрып, тағы бір жарық күнге жеткеніме шүкіршілік етіп, шәйімді ішіп алып, таза ауаға шығамын. Бульвар бойымен асықпай аяңдап жүріп өтемін. Тренажер құрылғылары бар бізде, сонда барып, аяқ-қолымды қимылдатып, жаттығу жасаймын. Міне, байқап тұрған боларсыз, жасыл көшеттер отырғызылған. Саясы сондай жақсы, таза ауа бөліп тұрады. Көк шөптерді ешкім қолмен суарып жатқан жоқ, тамшылатып суару әдісі дей ме, сондай құрылғы орнатылған. Осылай күнде отырамын. Біраздан соң бұл маң бала-шағаға толады. Балалар алаңы да жасалды бізде. Велосипед, самокат тепкен өрендерді көріп көз қуанады. Бәрі солардың игілігі үшін ғой. Солар үшін деймін-ау, мұнда кешке үлкен-кіші түгел жүреміз. Тынығуға, демалуға, бір-бірімізбен шүйір келесе кетуге барлық жағдай жасалған Анау маңда теннис алаңы бар. Барлық жақсы осы бір аллеяда. Бүлдіршіндер көз алдымызда ойнап жүреді, қайда кетті екен деп алаңдамаймыз. Қазір көшелерге орнатылатын шамдар да өзгеше, айнала самаладай жап-жарық болып тұрады. Қас қарайған шақта да қорықпай жүре береміз.

Әрине, қоғамда түрлі адам бармыз. Осы игіліктің қадірін түсінбей, бұзып, қиратуға бейім тұратын жастар да жоқ емес. Ұғатын бала болса жәй сөзбен айтамын, ұқпайтыны кездессе, қолымдағы мына таяғымды сермеймін. Тіпті, кейде мені «осы кісі-ақ тыныш отырмайды екен» деп ұнатпайтындар да кездеседі. Мен бәрібір қарап отырмаймын. Айтарымды айтып саламын. Бұл аллеяда, өзім тұратын үйдің ауласында немерелерім ойнап өсті. Енді олардың балалары, шөберелерім жүрсе, арман не?! Бұл әдемілікті сақтау – өз қолымызда. Күнде таңертең осы жерде коммуналдық сала еңбеккерлері жүреді, тап-таза етіп сыпырады. Соны бағаламай, ішкен сусынының немесе жеген балмұздағының қалдығын тастап жүре беру – мәдениетсіздік. Ал ол тәрбие әр отбасынан басталуы керек. Жасалмаса – жасамады дейміз, ал осындай жайлы орта жасап қойса, бүлдіруге бейімбіз. Ол дұрыс емес. «Біз – көппіз, ал қала – жалғыз» деген үндеу – дұрыс тұжырым. Жанашырлық өзімізден басталуы керек, – деп түйіндеді сөзін алматылық зейнеткер Роза Молдобекова.

ПАРЛАМЕНТ

Заң жобасы:

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

қалаларды дамыту мен мемлекеттік басқарудың жаңа кезеңіне жол ашады

Республикамызда мемлекеттік басқару мен өңірлерді дамыту саясаты жаңа кезеңге қадам басқалы тұр. Жуырда Мәжіліс пен Сенат қарауына ұсынылған және қабылдануы тиіс «Қазақстан Республикасының астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларды дамыту, ұлттық жобалар, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ел өміріндегі маңызды құжат болмақ.

Дана САДЫРҚАН

Бұл заң жобасының негізгі мақсаты – Астана, Алматы, Шымкент және өзге де республикалық маңызы бар қалалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, құқықтық негіз арқылы ұлттық жобаларды тиімді жүзеге асыру және кәсіпкерлікті қолдауды жетілдіру. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіріп, басқару жүйесін жеңілдету көзделген.

Негізгі бағыт–бағдарлар қандай?

Ең бастысы – заң жобасының қабылдануы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартып, кәсіпкерліктің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашпақ. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру арқылы бюджеттік қаражат үнемделіп, халыққа көрсетілетін қызметтер сапалы бола түседі. Онда, атап айтқанда, мынадай негізгі бағыттар қамтылған:

– Астана, Алматы және Шымкент қалаларының даму жоспарына сәйкес инфрақұрылымды жаңғыртуға, жаңа

тұрғын үй кешендерін жоспарлауға заңнамалық қолдау.

– Астанада көші-қонды реттеу тетіктерін жетілдіру.

– Ұлттық жобаларды жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік субъектілердің қатысу мүмкіндігін кеңейту және оларға қаржылық-әкімшілік кедергілердің кездесуіне жол бермеу.

– Мемлекеттік басқару жүйесінде бір ведомстводан екіншісіне қайтала-нып жүктелген функцияларды жою, қызметкерлерді оңтайлы орналастыру арқылы тиімділікті арттыру.

– Мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды жеделдетуге және халық үшін қолжетімді етуге жағдай жасау.

– Республикалық маңызы бар қалаларды абаттандыру мәселелеріне қатысты ыңғайлы ортаны қалыптастыру.

– Қалалардың сыртқы келбеті және қоғамдық орындарда жарнаманың жекелеген түрлеріне шектеулер енгізу.

• **Еліміз жаңа экономикалық және әлеуметтік сын-қатерлерге дайын болу үшін заңнаманы жетілдіруге үнемі ерекше маңыз беріп келеді. Жуырда қабылдана-тын заң жобасы – осы бағыттағы маңызды қадам болмақ.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бауыржан ОМАРБЕКОВ,
ҚР Ұлттық экономика вице-министрі:

Заңнамалық өзгерістер қарастырылған

1 кодекс пен 6 түрлі заңға өзгерту енгізіледі. Заң жобасы жер қатынастары, құрылыс, жарна-ма, экология және басқа да салалардағы мәселе-лерді шешуге бағытталған. Сыртқы жарнамаларды, жолдар мен көшелерді бояу арқылы орналастыру қаланың эстетикалық әсемдігіне теріс әсерін тигізіп жатыр. Қала келбетінің нашарлауына қоғамдық орындардағы ау-диожарнаманың да кең тарауы себеп. Бұл әрекеттер заңбұзушылыққа жатпайды, бұған заңнамада ешқандай әкімшілік шара белгіленбеген. Сон-дықтан қаланың мұндай мәселелерін шешу үшін жаңадан заңнамалық өзгерістер ұсынылуда. Жаңа құжатта аталған мәселелерге тыйым салу да қарастырылған.

Болатбек НӘЖМЕТДИНҰЛЫ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Жерді қала мұқтажы үшін пайдалану нормалары нақтыланады



Заң жобасында жарнама қызметін реттеу және қоғамдық орындарда көшедегі аудиожарнамаға және тротуарларда, автожолдарда сыртқы жар-наманы орналастыруға тыйым салу көзделген. Жерді қала мұқтажы үшін пайдалану нормаларын нақтылау да ұсынылып отыр. Республикалық ма-ңызы бар қалалар мен астананың жергілікті өкілі және атқарушы органдар-дың құзыреттерін кеңейтуге бағытталған тұрғынжай реновациялау бағ-дарламасын бекіту, аумақтарды абаттандыру, сондай-ақ сауда, медициналық, қонақүй және өзге де қызметтер көрсету қағидаларын бекіту бойынша түзетулер енгізілді.

ДЕПУТАТ

Ерлан СТАМБЕКОВ:

ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАР

халық игілігіне қызмет етсе,
бұл біз үшін үлкен жетістік



Қазақстан Республикасының VIII шақырыл-ған Парламент Мәжілісінің депутаты, Қар-жы және бюджет комитетінің мүшесі Ерлан Стам-беков Алматы қаласының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Жүздесу барысында депутат өткен парламенттік кезеңдегі атқарған жұмыстары жөнінде есеп берді. Қала жұртшылығы өздері сайлаған халық қалаулысы-мен еркін пікір алмасып, көкейлерінде жүрген сауал-дарына жауап алды.

– Бірқатар игі істер қолға алынды. Ең маңызды-сы, барлық жұмыс ортақ күшпен, қоғаммен бір-лесіп атқарылуда. Кез келген мәселені халықпен иықтаса шешу – басты ұстанымымыз. Қабылданған заңдар халықтың игілігіне қызмет етсе, оның ішінде банк саласына қатысты заңдар да оң нәтиже берсе, біз үшін бұл үлкен жетістік болмақ, – деді Мәжіліс депу-таты Ерлан Стамбеков.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

КЕЗДЕСУ

ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫ – БИЛІК НАЗАРЫНДА

Алатау ауданында әлеуметтік сұрақтар ашық талқыланды

Халқы жыл сайын көбейіп жатқан Алматы қала-сында мектеп салу мен мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамту – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі. Қала басшылығы мен аудан әкімдіктері бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып келеді. Алып ме-гаполисте мектеп құрылыстары қарқынды жүргізілуде. Жаңа оқу жылына дейін бірқатар білім беру нысандарын пайда-лануға беру көзделіп отыр.

Нұрлан СҮЙІН

Жаңа мектеп – жаңа мүмкіндік

Осы және өзге де әлеуметтік мәселелер бойынша «АМАНАТ» партиясының Алатау аудандық фи-лиалының төрайымы Ж.Алдамбер-генова кезекті рет аудан тұрғында-рын қабылдады.

Филиал төрайымы азаматтарды қабылдауды тұрақты түрде ұйым-дастырады. Сонымен қатар, филиал базасында аудан әкімі, оның орын-басарлары және мәслихат депутат-тарының тұрғындармен кездесу қа-былдаулары да жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Жалпы алғанда, партияның аудандық филиалы жергілікті билік пен халық арасындағы байланысты



үйлестіретін маңызды көпір қыз-метін атқарып отыр.

Бұл жолғы қабылдауда тұрғын-дар тарапынан көтерілген басты мәселе – мектеп жасына толған ба-лаларды және балабақша жасында-ғы бүлдіршіндерді орналастыру мә-селесі болды. Сонымен қатар, басқа да әлеуметтік сипаттағы сауалдар қойылды.

Ж.Алдамбергенова тұрғындар-дың барлығын жеке қабылдап, әр сұраққа нақты жауап берді. Оның айтуынша, аудандық білім бөлімі тарапынан балаларды мектеппен толық қамтуға барынша жағдай жасалып отыр. Ауданда бірде-бір бала білім беру жүйесінен тыс қал-майды.

Филиал төрайымы партия тара-пынан жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Мектепке жол» жобасы аясында биыл «Баланы мектепке даярлайық» атты акция ұйымдасты-рылатынын жеткізді. Тамыз айында аталмыш акция шеңберінде әлеу-

меттік тұрғыдан аз қамтылған отба-сылардың балаларына мектепке қажетті құрал-жабдықтар үлестірі-леді.

Әлеуметтік қолдау жалғасады

Алатау ауданы – Алматыдағы негізгі жекеменшік сектор орналас-қан, қазақы келбетін сақтап қалған аймақтардың бірі. Қалаға өзге өңір-лерден қоныс аударған тұрғындар-дың басым бөлігі осы ауданды таң-даған. Аудан құрылған уақыттан бері көптеген әлеуметтік түйткілдер кезең-кезеңімен шешімін тауып кел-леді.

Биылдың өзінде Алатау аудан-ында жеті жаңа «Жайлы мектеп» салынып жатыр. Олардың төртеуі қазірдің өзінде пайдалануға беруге дайын. Құжаттары толық рәсімдел-се, жаңа оқу жылында оқушыларды қабылдайды. «Қарасу», «Самғау», «Теректі» және «Ақбұлақ» ықша-маудандарындағы балалар алдағы уақытта жаңа мектептерде білім алатын болады.

Қабылдау барысында Ж.Ал-дамбергенова әр тұрғынның мәсе-лесін мұқият тыңдап, тиісті кеңестер берді. Қойылған сауалдар бойынша шешу жолдарын бірге талқылап, жауапты мамандардың көмегімен заң аясында әрекет ету қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, шешіл-мейтін мәселе жоқ – тек жүйелі жұ-мыс пен нақты қадамдар қажет.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Бекнұр ҚИСЫҚОВ:

ЖЕР ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ШИКІЛЕЙ САТУДЫ ШЕКТЕУ КЕРЕК

Қазақ елі өзінің экономикалық, әлеуметтік бағыт-бағдарын айқындап келеді. Бұл бағытта атқарылып жатқан бірқатар игі істер баршылық. Бірақ тоқмейілсуге әсте болмайды. Мемлекет пен қоғам бірлесіп өзінің болашақ қуатын айқындаған сәтте оң шаруа жүзеге асатыны белгілі. Жуырда «Қазақстан Республикасының астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларды дамыту, ұлттық жобалар, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қабылданады. Осыған байланысты Еуразиялық франчайзинг қауымдастығының басшысы, белгілі қаржы сарапшысы Бекнұр ҚИСЫҚОВТЫ сұхбатқа тартқан едік.

Ұйымдастыра білген ұтады

– Қазақстан Республикасының астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларды дамыту көзделген Заң жобасы жөнінде пікір білдірсеңіз...

– Әлбетте, әр өңірдің тұтас елге тигізер пайдасы болуы керек. Қазіргі таңда отандық бюджетке орасан зор пайда түсіріп отырған донор аймақтар бар. Дәлірек айтқанда, Алматы, Атырау, Ақтөбе сияқты республикалық, облыстық маңызы бар қалалар экономикамызға донор болып келеді. Сонымен қатар, Астананың да әлеуметтік-экономикалық мүмкіндігі жоғары.

Бүгінде республикалық бюджетке салмақ салып, дотацияда тұрған өңірлер де жетерлік. Олар осылай қол қусырып, аймақтық бюджетті еселемей отыра берсе, ел экономикасының өсуін тежейді. Сондықтан аймақтағы атқамінерлерді қамшылау керек. Ұйымдастыра білген ұтады. Қолынан келмегендерді өзгертіп, орнына іскер, шаруаға епті, халықты ойлайтын, отансүйгіш кризис менеджерлерді басшы етіп тағайындаған ләзім. Сонда ғана бюджетке масыл боп отырған облыстардың әлеуеті күшейіп, сырттан инвестор тартылып, ел-жұрт игілігін көріп, халықтың сүйіспеншілігіне бөленеді. Сол өңірдің табиғатына, әлеуметтік бейіміне қарай жұмыс істесе, мәселе туындамайды. Осылайша республикалық, облыстық маңызы бар қалаларды дамыта аламыз.

Алматы – ел қазынасына мол пайда келтіріп отырған бірден-бір мегаполис. Зауыт пен фабриканы қаланың маңына салудың қажеті жоқ. Өйткені, экологиялық жағын да ойлауымыз қажет. Онсыз да саяхаттаушылар көп келеді. Соған сай сервистік қызметтер, табиғи демалыс орындары, дәмхана, қатынас құралы дамып келеді. Осының бәрі шаһардың 3 миллионға жуық халқына жеткілікті деңгейде пайда түсіре алады.

Ұлттық жобалар ел бюджетін еселейді

– Ұлттық жобалар бағыты бойынша ілкімді істерді қолға алу да маңызды бағдарлар санатындағы басымдық. Осы орайда қандай бағыттарға басымдық беру керек деп ойлайсыз?

– Қазақстанның қауқары мол. Ең бастысы, осы мүмкіншілікті тиімді пайдалана білейік. Кейінгі жылдары

мұнай мен газ, уран, мыс, хром, көмір сияқты қазба байлықтың қоры сарқылып жатқандығы туралы айтыла бастады. Осыған байланысты бюджет түсімдерін қайта қарайтын, экономиканы әртараптандыратын уақыт жетті.

Ұлттық жоба ретінде бірнеше бағытты дамытуға болады. Ұдайы айтып келеміз, жер қойнауындағы табиғи ресурстарды шикілей сатуды шектеу керек. Мәселен, мұнайдан күнделікті тұрмысқа қажетті пластикалық заттар, дөңгелек шинасы, т.б. өнімдерді өзіміз өңдеп сыртқа сатайық. Ауылшаруашылық өнімдерін де қолға алып, дамытуға ешқандай кедергі жоқ. Бізде азық-түліктің 40%-ы импорттың үлесінде. Күнделікті көкөніс, жеміс-жидекті сырттан алдырып отырмыз. Өзімізде егіс алқаптары жетерлік. Егінді егіп, алыс-жақын шетелге экспорттауға қауқарымыз жетеді. Туризм әлі күнге дейін сұранып тұрған сала. Егер туризмге 10 теңге салсаңыз, 100 теңге болып қайтады.

Елімізде көрікті, әсем өзен-көл, тау-тасты жерлер, көзартар тарихи орындар жетерлік. Қазақстанға келген турист Алматыдан бастап, Түркістанға тәу етіп, батыс өңірлерді аралап, теріскей, шығыстың тұмса табиғатын аралап көріп, Астанаға тамсанып, еліне аттанса, жарнама деген сол. Осылайша ұлттық жобаларды топтастырып, әрісті жіті жүзеге асырсақ, ұтарымыз көп.

Жөн-жосықсыз тексеріс жасалмаса, бизнес дамиды

– Елде кәсіпкерлікті қолдауға байланысты көптеген бастамалар көтеріліп келеді. Шын мәнінде, кәсіпкерлерді қолдау тетіктерінің тиімділігі бар ма?

– Егер кәсіпкерге кәсіп ашып, оны дөңгелетуге жағдай жасаса, ол шаруаны шалқайтады. Өйткені, кәсіпкер – еңбекқор адам. Оған тек бюрократиялық кедергі жасалмауы тиіс. Күнделікті нарықтағы көкөніс сатушы, дүкен ұстаушы, шаштараз және тағы сол сияқты жүздеген қызмет түрі бар. Шағын және орта бизнесті қолдау үшін оларға құжаттық кедергі тұрғысынан, жөн-жосықсыз тексеріс жасалмаса, бизнес дамиды. Бұлардың бәрі – микробизнес.

Олар өздерінің табысының белгілі мөлшерін салыққа төлесе жеткілікті. Қазір шағын кәсіпкердің күнделікті тұтынушымен жасаған саудасындағы 5–10 теңге аударымын қадағалап, кәсібін тексеру – ұят іс. Әртүрлі сервистік қызметтер, курьер, такси жүргізуші болу үшін «ИП» аш деп,

жеке кәсіпкер ретінде тіркел деп талап қойған жөн емес. Біле білген адамға «ИП» ашу да, оны жабу да, бухгалтерлік есебін беру де оңай шаруа емес-ті. Олар әрі кеткенде айына 600–700 мың теңге табыс табатын шығар. Бұл нарық заманында көп ақша саналмайды. Жалпы шағын кәсіпті алқымнан ала берудің еш қажеті жоқ. Одан микробизнес дамымайды. Өзі 1 тиынды 10 теңге қылуды көздеп отырған адамға барып, тексеріп, зығырданын қайнатып, ақырында кәсібін тұралату опа әпермейді. Шағын кәсіпке ең үлкен көмек – кедергі жасамау, салық жағынан сәл жеңілдік жасау. Міне, болды, осы ғана оларға керек. Жер жүзінде шағын кәсіпке мол мүмкіндік береді. Себебі, ол кәсібін үлкейтіп, алып бизнеске айналдыруы керек. Ал орта бизнес ол – мемлекет экономикасының қозғаушы күші.

Көбісі бизнес жасау үшін АҚШ, Араб эмираттарына барады. Олай болатыны, Дубайда салықтық кейбір төлемдер мөлшері – 0. Арабтардың қоятын басты талабы – бизнес аш та, жұмыс істе, елге пайда әкел. Сондай-ақ, бастапқы кәсіпке салық аз, мүмкіндік көп. Кейін алпауыт бизнеске айналып жатса, басқа шарттармен қаралады. Міне, осылайша шағын және орта бизнесті қолдайды. Дүние жүзінде кәсіп жасауға ең ыңғайлы орта – Калифорния. Калифорния шататының ЖІӨ тіпті Германиямен салыстыруға болады. Ол жақта Microsoft Corporation сияқты алпауыт бизнестер жұмыс істейді.

Жылына 3 триллон доллар көрсеткіші бар. Үлгі аларлық тәжірибе көп. Өзім 30 жылдан бері кәсіпкерлікті зерттеп, кітап жазып жүрмін. Сонда байқағаным, грант, субсидия деген дүниені қайта қараған жөн. Тұжырымдап айтқанда, кәсіпкерлерді шынайы қолдау тетіктері қажет.

Логистикалық мүмкіндік жоғары

Ойымды тұздықтай түсейін. Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық мүмкіншілігі жоғары. Қазір көптеген игі өзгеріс болып жатыр. Жаңа әділ қоғам құруды көздеп тұрмыз. Бұны талай жерде айтып та, жазып та жүрміз. Егер дәп қазір экономикалық реформа жасайтын болсақ, діндеген межеге жетеміз. Ең негізгісі, бюджеттік түсімдер мен шығындарға байланысты жоспарды қайта қарап, дұрыстап алайық.

Қазақстан – батыс пен шығысты байланыстырушы алтын көпір. Біз Еуразия төсінде орналасқан елміз.

Шығыста Қытай, солтүстікте Ресей, оңтүстікте мұсылман елдерінің ортасында Қазақстан қоныс тепкен. Демек, логистикалық әлеует зор. Темір-жол, әуе жолы, жүк тасымалы, батыс өңірде порт арқылы логистикалық инфрақұрылымды дамыта аламыз. Бұндай зор әлеует – тағдырдың бізге берген сыйы!

Бізде Chevron Corporation, «Теңіз-шевройл» сияқты көптеген шетелдік компаниялар жұмыс істейді. Көбісінің келісім-шарты дербестік алған шақта, сол дәуірдің жағдайына байланысты түзілді. Одан бері 34 жыл уақыт өтті, адам да, қоғам да өзгерді. Әрине, бұрын жасасқан келісімді бұза алмаспыз. Десе де, 20% үлес болған болса, енді оны 50/50 деңгейіне көтеру бағытында жұмыс істеліп жатыр. Ешкімнің қытығына тимей, тілін тауып, ортақ келісімге, бірте-бірте діндеген ойға жетуге болады. Бұйырса, бұл да оң шешімін тауып қалар!

IT технологияны дамытып, жаңадан өндіріс орындарын ашып, өңдеуші өнеркәсіпке жол ашу – күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі. Қазақстан тоғыз жолдың торабында тұрғандықтан тоқсан тоғыз түрлі кәсіпке бастау бола алады. Сауда-саттық, логистика, туризм, ауылшаруашылығы, сервистік қызметтер, жаңа технология, зауыт, фабрика, цех сияқты әртарапты бағыттарды жүйелі түрде дамытсақ, 450 миллиард доллардан да артық пайда табуға болады.

Оңтайландыру игі іс

– Мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру да бүгінде қоғамда жиі қозғалып жүрген өзекті тақырыптың бірі. Бұл мәселені сарапшы ретінде қалай түйіндер едіңіз?

– Жалпы, мемлекеттік органдардың қызметі өте маңызды. Мемлекеттік қызметшінің қабылдаған шешімі, атқарған қызметі қоғамға әсер етеді. Өйткені, қос шылбыр, бір тізгін соларда.

Скандинавия, Жапония елдерінің мемлекеттік қызмет істері өте оңтайландырылған. Дамыған державаларда мемлекеттік қызметкерлер саны аз, ал атқаратын жұмысы нәтижелі. Сондықтан бір-бірін қайталайтын мемлекеттік органдардың біріктіріліп, сапалы жұмыс істегендігін құптаймын. Мәселен, квазимемлекеттік сектордағы ұлттық компанияларды жеке бизнеске беріп жіберу керек деп ойлаймын. Бұлар бір кездері керек болған шығар, ал қазір мемлекет қамқорында ұстаудың қажеті шамалы.

Мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру, оның тиімділігін мемлекет пен халықтың көруі – үлкен өзгеріс пен келешек мақсат мүддені ойлағандығымызды білдіреді. Еліміз өсіп-өніп, өркендей берсін!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

ҰСТАЗДАР ӘУЛЕТІ

қалалық кезеңнің жеңімпазы атанды



Алматыда өткен «Мерейлі Отбасы» ұлттық конкурсының қалалық кезеңінің салтанатты марапаттау рәсімі – отбасылық құндылықтарды ұлықтайтын игі дәстүрдің айқын көрінісі болды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Биыл халық арасында кең қолдауға ие болған байқау он екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Іс-шараның басты мақсаты – қоғам назарын мызғымас отбасы құндылықтарына, ұрпақтар сабақтастығына, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара сыйластыққа бұру. Қалалық деңгейдегі байқауға барлығы

250 отбасы жұмылып, олардың ішінде әр ауданнан топ жарған 8 отбасы өзара бақ сынасты. Әр отбасы өздерінің татулығын, тәрбиелілік жолындағы еңбегін және қоғамдық белсенділіктерін паш етті.

Салтанатты рәсімде қатысушы 8 ауданның ішінен дараланып, Дүйсебаевтар әулеті қалалық кезеңнің жеңімпазы атанды. Бұл әулеттің бірнеше буыны мұғалімдікті өмірлік жолы етіп таңдаған. Ұрпақтан-ұрпаққа білім мен тәрбиені аманат етіп келе жатқан нағыз ұстаздар әулеті. Отағасы мен отанасы – өмірлерін ұстаздыққа арнап, білім саласында біршама жыл еңбек еткен жандар. Балалары мен немерелерінің де басым көпшілігі – мектепте, жоғары оқу орындарында жұмыс істеп жүрген білікті педагогтар. Отбасының осындай ауызбіршілігі, ортақ кәсіби бағыты, қоғамдық белсенділігі және тәрбиелік үлгісі байқау комиссиясының жоғары бағасына ие болды. Нәти-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдар ЕСЕНБЕКОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы:

– Бүгін біз «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінің қорытындысын шығарып отырмыз. Өздеріңізге белгілі, бұл конкурс 2014 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Игі дәстүрімізге айналған байқаудың негізгі мақсаты – ел арасындағы өнегелі, үлгілі отбасыларды анықтап, оларды көпшілікке таныту, дәріптеу. Сол уақыттан бері көптеген жақсы отбасылар іріктеліп, көпке үлгі болып келеді. Бұл арқылы біз отбасылық құндылықтарды насихаттап, жастарға, жас отбасыларға өнеге көрсетуді көздейміз.

Биыл байқау Алматы қаласы бойынша жоғары деңгейде өтті. Аудандық кезеңге 200-ден астам отбасы қатысып, олардың арасынан байқау талаптарына сай келгендері іріктелді. Әр отбасы 10-нан астам критерий бойынша бағаланды. Соның негізінде әр ауданнан бір отбасы таңдалып, бүгінгі қалалық кезеңнің финалына 8 отбасы қатысты. Іріктеу кезінде отбасының мәдениеттегі, өнердегі белсенділігі, балаларының жетістіктері, кәсіби және қоғамдық саладағы үлестері сияқты нақты көрсеткіштерге назар аудардық.

жесінде Дүйсебаевтар отбасы қалалық байқаудың бас жүлдесіне лайық деп танылып, 800 000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйақыға ие болды. Енді олар елордада өтетін республикалық деңгейдегі іс-шараға Алматы қаласының атынан қатысатын болады.

«Біздің әулетіміз – нағыз ұстаздар династиясы. Мен 1970 жылы оқуды бітіріп, жолдасыммен бірге ұстаздық еңбек жолымызды бастадық. Қырық жылдан аса бір салада, елу жылдай өмірде серік болдық. Жолдасымның бауырлары – бәрі мұғалім. Өзімнің де сегіз қыз, бір ұлым бар – барлығы білім саласында еңбек етіп жүр. Ал немерелерімнің төртеуі мұғалім атанды. Бұл – мен үшін үлкен мақтаным. Отбасымыздың бірнеше ұрпағы ұстаздық жолды таңдағаны – біздің ең басты ерекшелігіміз деп ойлаймын. Астанаға бару – біз үшін үлкен қуаныш. Байқауға қатысып жатқан отбасылардың бәрі де өнегелі, татулығымен ерекшеленеді. Десе де, отбасы болып бір салада табанды еңбек етуіміз – бізді өзгелерден даралайтын қасиетіміздің бірі болса керек», – деді Ұлбосын Дүйсебаева.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АБАЙ –
ЗАМАНАЙ СЫРЫ

Белгілі жазушы Болат Жүнісбеков жақында жарық көрген «Күнге асығу. Абай – Заманай сыры» атты роман-новелласының бірнеше данасын республикамыздың бас кітап ордасы – Ұлттық кітапхана қорына сыйға тартты.

Хакімнің 180 жылдығына орай жарық көрген көлемді шығарма мыңдардың арман-мақсаты мен мұң-зарын мың біріншінің, яки Абайдың және бірнеше ұрпақтың өкілі – Заманайдың жан сыры арқылы санаға тоқытады.

Туған қазағын өркениет төрінен көруді аңсаған Абай – Заманай сыры – Күннің – жарықтың: оқу-білімнің жасампаздығын паш етеді. Роман: «Сүйіну», «Күйіну», «Суыну», «Сейілу» атты төрт тараудан тұрады. Әрбір тараудың айтар ойы мен бөлісер сыры ондағы үш бөлімге топтастырылған новеллалар арқылы мәшһүр болады.

Заманай, айталық, «Сүйіну» тарауының: «Келу», «Ояну», «Көру» және «Күйінудің»: «Тану», «Айту», «Тақымдау» бөлімдерінде ұлт мұратын ортаға салады. Оқырман, сондай-ақ, ел арманына «Суыну» тарауында: «Түршігу», «Түңілу», «Қайту», ал «Сейілуде»: «Оралу», «Сергу», «Серпілу» бөлімдеріндегі шығармалар арқылы қанығады. Роман-новелла «Айсыз түнде. Мың біріншінің мұңы» деген алғысөзбен ашылып, «Таң алдында қараңғы. Ұлт болашағы – білімпаз ұрпақ» новелласымен түйінделеді.

Биылғы жыл егемен еліміз үшін ұлы ақын әрі қайраткер Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойының атап өтілуімен де ерекшеленеді. Осы орайда, барша ата-бабаларымыздың, оның ішінде хакім Абайдың және кешегі мен бүгінгі замандастың арман-тілегі үндесіп жатыр. Оның арқауы – өркениет көшіндегі халқымызды оқу-білім мен ілім-ғылымның алдыңғы сапынан көруге келіп саяды.

Бұған дейін Болат Жүнісбековтің даңышпан ақынның асыл мұрасы туралы зерттеу еңбектерінің «Абай сәулесі», «Ақиқат ұшқыны» жинақтары және «Абайдың ақын ұлдары», «Алаш – АЛЖИР» кітаптары жарық көрген. Ол «Абай сәулесі» кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды. Жазушы «У» роман-эссесі, «отАсу» роман-диалогиясы және «Шуақ», «Ғайып» кітаптарымен де оқырманға танымал.

Дүкенбай СЕГІЗБАЕВ,
журналистика ардагері.



ФУТБОЛ



ҮМІТТЕР АҚТАЛҒАН ОЙЫН

«Қайрат» чемпиондар лигасының екінші іріктеу кезеңіне өтті

Чемпиондар лигасында өнер көрсетіп жатқан алматылық «Қайрат» футбол клубы Словенияның «Олимпия» командасын екі ойынның қорытындысы бойынша 3:1 (1:1, 2:0) есебімен жеңіп, келесі кезеңге жолдама алды.

Жанкүйерді желпінткен жеңіс

Бұл – алматылық команда тарихындағы екінші елеулі жетістік. Еске салсақ, бұдан төрт жыл бұрын Қазақстанның ең ірі мегаполисінің өкілдері Израильдің «Макаби» клубын өз алаңында 2:0 есебімен жеңіп, сырт алаңда 1:1 нәтижесін тіркеп, алғашқы іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен болатын. Алайда, келесі айналымда сербтің әйгілі «Црвена Звезда» командасына қарсылас атанған «Қайрат» өз алаңында 2:1 есебімен жеңіске жеткенімен, Белградтағы қарымта кездесуде 0:5 есебімен ойсырай ұтылды.

Алайда, уақыт өз дегенін жасайды. Уақыт өте келе құрам жаңарып, жасыл алаңда жаңа есімдер пайда болады. Бұл – өмір заңдылығы. Биылғы жеребе Словенияның көп дүркін чемпионы «Олимпияны» қарсылас ретінде белгілегенде, көпшіліктің көкейінде күмән болғаны рас. Себебі, «Олимпия» – өз елінің 8 дүркін чемпионы, соңғы екі жыл қатарынан ешбір қарсыласқа есе жібермей, чемпиондықты иеленіп келеді. Өткен маусымда ел чемпионатында екінші орын алған «Марибор» клубын 7 ұпайға басып озған.

Алғашқы ойын Словенияда өтті. Бұл матчта алаң иелері басымдық танытып, допты көбірек иеленді. Ал «Қайрат» қарымта шабуылдарға сүйеніп, қорғанысты бекем ұстауға тырысты. Бас бапкер Рафаэль Уразбахтин ұсынған тактика күтпеген нәтиже берді. Кездесудің алғашқы голын «Қайрат» соқты. Жоржиньо мен Сәтбаевтың өзара түсінісуімен өрбіген шабуылды 16 жастағы Сәтбаев сәтті аяқтап, командасын алға шығарды. Айта кетерлігі, бұл – қазақ футболшысы үшін еурокубоктердағы алғашқы және тарихи гол болды. Алайда, матч соңына қарай «Олимпия» шабуылын күшейтіп, есепті теңестіріп үлгерді – 1:1.

Барлығы Алматыдағы қарымта кездесуде шешілді. Көпшілік словен клубын фаворит санағанымен, ойын тағдырын «Қайрат» шешті. Ойынның алғашқы минуттарында-ақ «Олимпия» басымдыққа ұмтылды. Алаңның көп бөлігін «Қайрат» қорғанысқа жұмсауға мәжбүр болды. Дегенмен, бесінші минутта күтпеген шабуыл ұйымдастырылып, сол қапталдан көтерілген допты португалиялық Жор-

жиньо баспен торға тоғытты. Қақпашы Гала Любей-Финк допты тоқтата алмады – есеп 1:0.

Словен сайыпқырандары сүрінді

Кездесу барысында доп иелену жағынан қонақтар басым болғанымен, алаң иелері қорғаныста сауатты ойнады. Қақпашы Александр Заруцкий шеберлік танытып, қауіптің бетін қайтара білді. Қарымта шабуылдар да өткір өрбіді. Дастан Сәтбаев екі рет жеке шабуылға шығып, қауіпті сәт тудырды. Бірақ қарсылас қорғаушылар барын салып тосқауыл қойды. Бірінші тайм соңына таман тағы бір қателікке бой алдырған қонақтар бұл жолы Жоржиньоның пасынан кейін туған күнін атап өткен Александр Мрынскийдің дәл соққысына төтеп бере алмады. Есеп – 2:0. Айта кету керек, Мрынский – «Қайрат» клубының өз тәрбиелеушісі.

Ойынның екінші бөлігінде де словендер шабуылды үдете түсті. Бір сәтте Алекс Тамм қақпаға соққы жасау мүмкіндігін пайдаланғанымен, нәтиже шықпады. Жанкүйерлер сол сәтте демін ішіне тартып, алаңдағылармен бірге алаңдады. 90 минут бойы «Қайрат» қақпасына тура соққы жасалмады деуге болады. Қосымша уақытта алаң иелері тағы бір гол соққанымен, төреші оны ойыннан тыс деп танып, есепке алмады.

Осылайша екі матчтың қорытындысы бойынша «Қайрат» лайықты жеңіске жетіп, Чемпиондар лигасының екінші іріктеу кезеңіне өтті. Бұл жолы олар Финляндия чемпионы – КуПС клубымен кездесетін болады. Матчтар 22 және 29 шілдеде өтеді.

Футбол мамандары Рафаэль Уразбахтин баптайтын команда мұндай ұйымшылдықпен әрі тактикалық дәлдікпен ойнаса, одан әрі өтуге де толық мүмкіндігі бар деп бағалап отыр. Сондықтан да ел намысын қорғайтын «Қайрат» клубы келесі қарсыласына да дәл осындай мінез көрсетсе, алар асуы алда деп сеніммен айтуға болады.

Әлім АНАПЬЯНОВ.



Суретті түсірген Юрий БЕККЕР.

ЛЕБІЗ

АҚСАҚАЛ АРМАНЫ

Бозжиде бұтағы Абай елінде бүр жарды

Абай облысы өз алдына шаңырақ көтерген кезде, қуаныштан жүрегі алып-ұшқан зейнеткерлер делегациясының құрамында болып, жергілікті жердің жай-күйін көзбен көріп қайтқан Алланың ақ жолында жүрген өнерпаз әрі көреген зейнеткеріміз Мұқажан Ойданбайұлы Мазаржан ақсақал – бүкіл қазаққа ортақ қасиетті мекенді көгалдандыру мен абаттандыру мақсатында нақты ұсыныстар жасап қана қоймай, оны іс жүзінде жүзеге асырған азамат.



Ол кісі бастамашы болған игі істің аясында 50 дана бозжиде көшеті Бөрілідегі М.Әуезовтің мұражай-үйінің ауласына, 50 көшет Жидебайдағы Кеңгірбай би кесенесінің маңына отырғызылды. Ал қалған 200 көшет пен бозжиде тұқымдары Жидебайдағы «Абай-Шәкәрім» кесенесі мен Абай мұражай-үйі аумағына егілді.

Бұл айтуға ғана оңай іс. Алайда, оның артында – табанды да тынымсыз еңбек, қиындық пен кедергіге толы, шамамен екі жылға созылған қажырлы жұмыс жатыр. Бұл Мұқажан Ойданбайұлы бастаған азаматтардың және Алматы қаласы Наурызбай аудандық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің бірлесіп жүргізген үлкен еңбегінің нәтижесі екенін атап өткен жөн.

Әрине, бұл бастаманы қолдағандар да болды, қарсы пікір білдіргендер де табылды. Дегенмен, елдік мүддені бәрінен биік қойған ардагерлер кеңесіне ризашылығын білдіріп, алғысын жаудырған, денсаулық тілеп, сәттілік жолдаған ақжарма ниетті жандар да аз болған жоқ.

Бүгінгідей асығыс әрі алмағайып заманда кімге ренжімекпіз? Қазақ тілінде жазылған ресми хаттарымызға «Отказать» деген бұрыштама қойғандар – орыс ұлтынан емес, өз қандастарымыз. Біз бұған да «мейлі» дедік. Құжаттарды аудандық Ардагерлер кеңесінің іс қағаздарына тіркеп, алдағы күнге сабақ болсын деп сақтап қойдық. Бұл жөнінде артық сөз қозғамауды жөн санаймыз.

Абайдай ұлы тұлғаның туған өлкесін көгалдандыру, табиғатын түлету бағытында айтқан ұсынысымызды қабыл алып, оны жүзеге асыруға жан-жақты қолдау білдірген барша азаматтарға шын жүректен алғыс білдіреміз.

Атап айтқанда, «Абай мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің» директоры Сағадиев Ұлан Болатұлына және ұжым қызметкерлеріне, Жетісу облысы, Панфилов ауданының әкімі Сағынбеков Марат Рахымбердіұлына, аудандық ауыл шаруашылығы бөліміне, ұсынысымызға қолдау білдіріп, ғылыми кеңес берген Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Орман шаруашылығы, табиғат және қоршаған орта» факультетінің деканы Ж.Т.Боранбай мырзаға, осы факультеттің «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Мазаржанова Құралай ханымға, сондай-ақ кафедраның докторанттары мен магистранттарына, Алматы облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына қарасты «Қаскелең орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің директоры Бердібаев Ғалым Мұсақұлұлына ерекше ризашылық білдіреміз.

Алдымызда келе жатқан Абай хакімнің 180 жылдық мерейтойына орай қолға алынған бұл игілікті іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз. Мерейтой құтты болсын!

**Мәдениет ТАСТАНБЕКҰЛЫ,
Наурызбай ауданы
Ардагерлер кеңесінің төрағасы,
Қазақстан Республикасының құрметті ардагері.**



КЕЛБЕТ

«АБАЙ МЕКТЕБІНІҢ» ЖАНАШЫРЫ

Бірегей бағдарламалар авторы Жанатбек Ішпекбаев жайлы бір үзік сыр

Мемлекет басшысы жаһандық ғылыми-техникалық революция жағдайында ғалымдар мен білімпаздар рөлінің бірден арта түсетіні жайлы жиі айтып, ел ғалымдарына зор сенім мен жауапкершілік жүктеліп отырғанын жеткізген еді.

Қазақ білімі мен ғылымы саласындағы көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, саясаттанушы Жанатбек Ішпекбаев саналы ғұмырын ұлтына, елінің өркендеуіне, жастардың тәрбиесі мен отандық ғылымның дамуына арнаған тұлға. Оның осы жолдағы табысы терең білім мен көпжылдық тәжірибеге, ұлттық мұрат пен қоғамдық жауапкершілікке негізделген.

Жанатбек Ешенқожаұлының негізгі ғылыми-зерттеу еңбектері Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы, ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғырту, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Ол 2004 жылы «Тәуелсіз мемлекеттер достастығында саяси консенсусты қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, саяси ғылымдар кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.

Ғылыми ізденістері мен педагогикалық



қызметінің нәтижесінде 2011 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің академиялық профессоры атағына ие болды. Оның қаламынан туған 6 монография, ондаған оқу-әдістемелік құралдар мен 100-ден астам ғылыми мақалалар еліміздің ғылымына сүбелі үлес болып қосылды. Еңбектері «Scopus» дерекқорына еніп, авторлық патенттермен қорғалып отыр.

Жанатбек Ешенқожаұлының «Мәңгілік Ел осылайша сомдалған» және «Мәңгілік Ел қазағына хат» атты монографиялары – Тәуелсіз Қазақстанның тарихи шежіресін, рухани-мәдени қалыптасу жолын терең зерделейтін, ұлттық сана мен болмысты ғылыми негізде байыптайтын еңбектер.

Аталған еңбекте қазақ ұлтының тамырынан бүгінге дейінгі тарихи эволюциясы, қоғамдық санасы мен интеллектуалдық әлеуеті философиялық, саяси, мәдени тұрғыда терең зерделеген. Мәселен, Абай мұрасы мен ұлттық тәлім, ұрпақ сабақтастығы және рухани жаңғыру мәселелері ғылыми-теориялық негізде талданып, оқырманға тың ой салады. Бұл еңбек үшін Жанатбек Ішпекбаев 2023 жылы гуманитарлық ғылым саласындағы үздік зерттеу ретінде Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды, алғысқа бөленді, адал еңбегі ғылым мен педагогика саласында биікке көтерілді. «Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер» кафедрасының профессоры тәрбие және рухани даму саласында терең теориялық негіздерге сүйенген бірегей бағдарламалардың авторы. Оның бастамасымен құрылған «Абай мектебі» ұйымы мен екі жылда бір өтетін «Абай әлемі» фестивалі – студент-жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, рухани тәрбиенің үздік үлгісіне айналды.

Мемлекеттік тілді дамытуға арналған бастамаларда да кейіпкеріміз алдыңғы шепте көрініп келеді.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыру бағытында оқу құралдарын әзірлеп, терминологиялық сөздіктер авторлығына атсалысып, тіл мәдениетінің дамуына мол үлесін қосты. Бұл еңбегі еленіп, «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен марапатталды. Елге сіңірген еңбегі мемлекеттік деңгейде жоғары бағаланып, «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ы.Алтынсарин» төсбелгілерінің иегері, Панфилов ауданының Құрметті азаматы атанды, басқа да марапаттарға ие болды. Ол – Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қытай Халық Республикасының Ханьшань педагогикалық институтының құрметті профессоры, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері.

Жанатбек Ешенқожаұлы – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, болашақтың да жүрегіне ой салып, ұлт мұратына бағыт беретін, өз халқының жанын ұққан, рухын таныған, тарихын зерделеген азамат. Оның ұлтқа қызмет жолында атқарған еңбектері мен ой-толғамдары – қазақ ғылымына, ұлттық руханиятқа қосылған құнды бағдарларға айналған.

ТАЛАПКЕР

АРНАЙЫ ЕМТИХАН

Ендігі жерде болашақ дәрігерлер медициналық колледждерге түсу үшін таңдалған мамандығына байланысты екі пәннің біреуі бойынша арнайы емтихан тапсыратын болды.

Сондай-ақ, арнайы емтихан стоматология мен ортопедиядан басқа барлық медициналық мамандыққа түсушілер үшін міндетті болады (оқу түріне қарамастан – 9 немесе 11-сыныптардың негізінде). Аталмыш емтихан бейіндік пәндер бойынша базалық

білімді, сондай-ақ талапкердің мотивациялық деңгейін бағалауды қамтиды.

Министрлік өкілдерінің хабарлауынша, осылайша орта медициналық білімнің ашықтығы қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, министрлік өкілдері талапкерлер мен олардың ата-аналарын қабылдаудың жаңа шарттарымен мұқият танысуға және арнайы емтиханға алдын ала дайындалуға шақырып отыр.

Басқа да қосымша ақпараттарды, тапсырма үлгілерін, емтихан кестесін және өту ережелерін ресми сайттар мен оқу орындарының ақпараттық жүйелерінен алуға болады.

ПЕДАГОГИКА

«БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!

Елімізде 2012 жылдан бері ұстаздарды қолдау мақсатында тұрақты өткізіліп келе жатқан «Үздік педагог» байқауы биыл да жалғасын тапты.

Аталмыш байқау жеңімпаздарға 1000 АЕК (3,9 млн. теңге) көлемінде мемлекеттік сыйақы тағайындап отыр. Байқаудың басты шарты – ең алдымен мұғалімнің білім саласын дамытуға қосқан үлесі, ұстаз қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі қоса ескеріледі.

Сонымен, байқауға мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік

білім беру ұйымдарының педагогтары қатысады. Үш кезеңді қамтитын байқаудың 1-кезеңі – аудандық, қалалық деңгей болмақшы. Бұл кезең ағымдағы жылдың 8–25 шілдесінде, 2-кезең – облыстық деңгей 28 шілде – 15 тамыз аралығын қамтиды. Ең соңғы шешуші кезең – республикалық деңгей 18 тамыз – 18 қыркүйек аралығында өтеді.

Осылайша екі кезеңнің қорытындысы барысында ең жоғары ұпай жинаған педагогтар ғана республикалық деңгейге өтетін болады. Байқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау, тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалау uzdikustaz-nobd.edu.kz веб-порталында жүзеге асырылады.

ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ



СЕРТИФИКАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Алматыда парсы тілін оқыту курсының сәтті аяқтаған қатысушылар сертификатқа ие болды. Аталмыш курс «Ғылым ордасы» мен Иран Ислам Республикасының Бас консулдығы жанындағы «Мәдени орталық» арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында ұйымдастырылды.

Сертификатты табыс ету салтанатына «Ғылым ордасы» Бас директоры Ұлар Мұқанов, директордың орынбасары Азамат Нұршанов, Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Сона Ахмади, Бас консулдық жанындағы Мәдени өкілдіктің басшысы Хоссейн Ағазаде қатысты.

Салтанатты жиында сөз алған Ұлар Мұқанов Қазақстан мен Иран арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығына тоқталды.

«Екі ел арасында әріптестік орнатылып, сирек кітаптар мен қолжазба деректерді реставрациялау және консервациялау салаларында кәсіби тәжірибе алмасу, ғылыми зерттеулер жүргізу, кадр даярлау бағытында меморандумдарға қол қойылды. Бұл

бастамалар халықаралық мәдени ынтымақтастықты тереңдетіп, Ғылым ордасының қызметін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Сонымен қатар, мекеме қызметкерлеріне тегін тілдік курстар ұйымдастырылып, олардың кәсіби әлеуетін арттыру, тәжірибе алмасуға жағдай жасау көзделіп отыр. Бұл қадам Қазақстан мен Иран арасындағы рухани байланысты нығайтуға тың серпін беретіні сөзсіз», – деді спикер.

Иран Ислам Республикасы консулдығының өкілдері Сона Ахмади мен Хоссейн Ағазаде Қазақстан мен Иран арасындағы мәдени және білім беру салаларындағы ынтымақтастықтың тұрақты түрде дамып келе жатқанын тілге тиек етті.

Курс тыңдаушылары көрсетілген қолдау мен мүмкіндіктер үшін Иран Мәдени орталығы мен Ғылым ордасына алғыстарын білдіріп, парсы тілінде өлеңдер оқып, «Эй Иран» және «Буйе джуие мулион ойәд нами» атты әнді орындады.



Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



СӘБИТ МҰҚАНОВ – 125

ОРЫНДАЛМАЙ ҚАЛҒАН ӨТІНІШ...

немесе Шәкәрімнің Сәбитке жазған хаты туралы бір үзік сыр

Биыл қазақ әдебиетінің классигі, қазақтың ХХ ғасырдағы ой алыбы Сәбит Мұқановтың туғанына – 125 жыл. Ол – туындылары әлемнің 46 тіліне аударылған қаламгер.

Нұржамал
ӘЛІШ

Жазушының қызметтік жолы, өмірінің соңғы сегіз жылын өткерген пәтері Алматы шаһарындағы Мұқан Төлебаев көшесінде орналасқан. Пәтер 1978 жылдан бері музей-үйі ретінде ел мәдениетіне үлес қосып, халыққа қызмет көрсетуде. Алматы қаласы Музейлер бірлестігіне қарасты алты бөлмелі музей-үйі келушілерді өзіне мол ақпарат қоры мен экспонаттар құпиясымен баурап алады.

Жазушы кітапханасындағы әлем классиктерінің, орыс әдебиетінің, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан құралған 4000-ға жуық кітаптың өзі асқан талғаммен жинақталған. Сонымен қатар, қаламгер қолының табы қалған, ұстаған жеке заттары бұл күнде музейдің құнды экспонаттары ретінде сақтаулы. Әр жәдігердің өзіне тән баяндалар сыры, толғамды тарихы бар. Біз бүгін сол құнды жәдігерлердің ішіндегі Шәкәрім Құдайбердіұлының фотосуреті мен Сәбит бауырына жазған хаты туралы баяндаймыз.

Фотосурет Сәбит Мұқановқа «1931 жыл, 3 февральда Елсіздегі саят қорада» деген қолтаңбамен жеткен екен. Ал хаты «Ардақты Сәбит бауырым!» деп басталып, бірінші жолы «11 желтоқсанда жазған хатыңызды жаңа ғана алдым» деп жалғасады. Хаттың соңына «Мұтылған» деп қана қол қойылады. Хаттың Шәкәрімдікі екеніне ешқандай дау



тудырмауына да осы бір лақап ат себеп. Және хатта аталған Бағдәулет Құдайбердіұлы есімі де осыны қуаттайды. Ең нақты бұлтартпас дәлелдер – «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр», «Қазақ айнасы» атты еңбектерінің аты аталуы. Одан бөлек Шәкәрім өз хатында азаматтық көзқарасын, гуманистік ойын, пәлсапалық тұжырымдарын барынша ашып жазады. Солардың бірінде «Жан не? Дін не? Жан өлген соң жоғалатын зат па? Адамға бұл өмірде не қылған жөн?» сынды сұрақтарға жауап іздеп, осы жолда шетелдік барлық ғалымның еңбектерін оқып жүргендігін тілге тиек етеді. «Іздегенім мақтан емес, күллі адамзат баласының пайдасы еді. Тірі күнімде осы «жаратылыс сыры» жайлы жазған еңбектерім қазақ, орыс тілінде басылып шықса, оларды оқыған білімді азаматтардың пікірін біліп өлсем, арманым жоқ», – дейді Шәкәрім.

Шәкәрім өзінің қолжазба кітаптарын Сәбит Мұқановқа жіберіп, оларды бастыруын және баспадан шығып жатса, кітаптарының 50 данасын өзіне салып жіберуін өтінеді. Ондағысы – балаларына, ағайын-туысына сый, естелік ретінде қалдырғысы келген болуы керек. Кеңестік үкіметтің алқымынан алып, қысып тұрғаны сонша, Шәкәрімнің кейбір кітаптарын бастырудан түбегейлі бойларын аулақ алып қашқан, оған жол бермеген.

Амалы құрыған Шәкәрімнің інісіне жазған хатында «еріксізбін» деп қынжылуының да себебі осы еді. «Қолыңда қаражат, басында бостандығы» болмай тұрған Шәкәрім аманатын Бағдәулет Құдайбердіұлына жүктейді. Хат Сәбит Мұқановтың қолына жеткенімен, белгісіз себептермен кітаптары берілмейді. Шәкәрімнің өтініші өкінішке қарай орындаусыз қалады...

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жанар ТАЕВА,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей
кешенінің ғылыми қызметкері:**

Бізге жүктелген аманат

Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ қаламгерлері арасынан Сәбит Мұқановқа хат жазуы әдебиет жанашырына деген риясыз ықыласы болуы мүмкін. Ол өз хатында әдеби мұрасының тағдырына, қолды боп кетпеуіне алаңдайды, рухани асыл мұрасын сенімді қолға аманат етуді көздейді. Хат араб харпінде жазылған, ал Мұқанов Шәкәрімнің бұл хатын 1952 жылы жазу машинкасына кирилл жазуымен көшіріп бастырып, соңғы жағына «Копиясы дұрыс» деген ескерту қалдырған.

Соңына өшпес мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлының туындылары қазіргі тәуелсіз елдің ұрпағын тәрбие-тағылымымен сусындатып отыр. Біздің міндет – бұл тұлғалардың өшпес, өміршең туындыларын әлем шығармаларымен теңестіру, құлашын кеңге жайдыру. Сол кезде Сәбит Мұқановтың қолы жетпеген аударма істерімен айналысу бізге жүктелген аманат жүгі деп қарап, абыроймен қазақ әдебиетіне қызмет еткен жөн. Музей-үйіндегі экспонатымыз тарихилығымен, мазмұн көрінісімен, Шәкәрім қолынан шыққан саф алтын әрбір әрпімен қымбат.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Халықаралық жоба:

ҒЫЛЫМИ ИНТЕРАКТИВТІ МУЗЕЙ

Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінде Алматы қаласының музей саласы мамандары мен Сингапур Ғылыми орталығының өкілдері «дөңгелек үстел» басында кездесті.

Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Іс-шара Алматы қаласы әкімдігінің бас-тамасымен ұйымдастырылды. Кездесу аясында делегация музейдің негізгі экспозициясымен танысып, кейін Қазақстан мен Орталық Азия өңірінде алғаш рет ашылуы жоспарланған Ғылыми интерактивті музейді құру жөніндегі ауқымды халықаралық жобаның таныстырылымына қатысты.

Жаңа музей балалардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, STEM-ойлау қабілетін дамытуға бағытталады. Алматы қаласы әкімдігінің жоспарына сәйкес, алдағы уақытта бұл музей мектепке дейінгі және бастауыш білім беру жүйесіне енгізіліп, жас ұрпақтың ғылыми-креативті әлеуетін ерте жастан қалыптастыруға ықпал етпек.

Жобаның сапалы әрі мазмұнды жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Сингапур Ғылыми орталығының өкілдері Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне

тереңірек зер салуды жалғастырады. Сондай-ақ, олар жергілікті ғылыми және мәдени ұйымдармен, білім беру саласының мамандарымен және ESG-интеграция саласындағы сарапшылармен өзара тиімді әрі тығыз әріптестік орнатуға ниетті. Осы мақсатта бірлескен «дөңгелек үстелдер», кездесулер мен өзара ынтымақтастықтың өзге де форматтарын тұрақты түрде өткізу жоспарланып отыр.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

► Сингапур Ғылыми орталығы (Science Centre Singapore) 1977 жылы құрылған. 48 жыл бойы бұл мекеме ғылымды дамыту және кеңінен насихаттау бағытында табысты жұмыс жүргізіп келеді. Осы уақыт ішінде Орталық Сингапур ғана емес, АҚШ, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Германия және Франция сынды елдердің музейлері мен ғылыми ұйымдарымен кәсіби байланыс орнатқан. Ғылыми-техникалық білімді ілгерілетуге бағытталған бұл орталықтағы сегіз көрме залында орналасқан 850-ден астам интерактивті экспонат бар. Сингапур Ғылыми орталығының музейін жыл сайын 1 миллионнан астам адам тамашалайды.

ДӘРІС

ҰРПАҚҚА ПАРЫЗ ӘРІ АМАНАТ

«Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының домбырасы» атты танымдық дәріс өтті

Қазақ үшін домбыраның қорны бөлек, үні ерек. Сондықтан осынау қасиетті аспапты ұлықтау – ұрпаққа парыз әрі аманат. Биыл да еліміз шілденің алғашқы жексенбісінде дәстүрлі түрде ұлттық домбыра күнін атап өтті. Осынау мерекеге орай, Алматыдағы А.Байтұрсынұлы музей-үйінде «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының домбырасы» атты танымдық дәріс өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алаштың ардақты ұлы Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың оқу-ағарту, оқулық жазу, тіл білімі, ұлттық фольклор, әдебиеттану, мәдениеттану, этнография ғылымдарынан бөлек, дәстүрлі ән-күй өнерінің дамуы мен зерттелуіне де зор еңбек сіңіргені белгілі.

Қазіргі таңда оның мол мұрасы, өзі шығарған бірнеше күйі мен әндері

зерттеліп жатыр. Дегенмен, бұл жұмыс әлі де толыққанды зерделеніп, автордың өзіне меншіктеу жұмысы аяқтала қойған жоқ. Жалпы, Ахметтің әншілігі, күйшілігі және композиторлығы жөнінде белгілі өнертанушы А.Затаевич еңбектерінде, көзкөрген көнекөз замандастарының деректерінде, қызы Шолпанның естеліктерінде де кеңінен айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлының домбырасы 2021 жылы табылып, ғалымның 150 жылдығы қарсаңында музей-үйіне табысталған еді. Демек, ұлт ұстазының қазақтың ән-күй өнерінде де өзіндік үлесі бар.

Танымдық дәрісті белгілі ахметтанушы ғалым, музей-үйінің жетекшісі Райхан Имаханбет жүргізіп, оған сала мамандары, домбырашылар, өнерпаздар, БАҚ өкілдері және музей-үйінің тұрақты келушілері қатысты. Бұл күні танымдық дәріс барысында белгілі күйші, Алтай-Тарбағатай күйшілік мектебінің белді өкілі Аршын Кәсімбайұлымен де кездесу өтіп, ол өзінің «Ұлт ұстазы – Ахмет» атты күйін орындады.



Суреттерді түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ОЙТУРТКИ

ҚОСЫМША ЖҰМЫС

тұрақты өмір салтына айналып барады

Екі жұмыс – екі есе табыс па, әлде екі есе шаршау ма? Таңатысымен жұмыста, кеш батқанша күйбең тірлікте... Қазір бір адамның бірнеше жұмыста қатар істеп жүргенін көру – таңқаларлық жағдай емес. Бірі – күндіз кеңседе, кешке курьер, енді бірі – ұстаз болып жүріп онлайн репетиторлықпен айналысады. Кейбірі базарда қосымша сауда жасаса, енді бірі желі арқылы табыс табуға тырысады. Бұл – еліміздегі жаңа еңбек шындығы.

Күнкөріс үшін екінші жұмыс – жаңа дағды ма?

Әуелде уақытша амал ретінде көрінген қосымша жұмыс істеу бүгінде көптеген азамат үшін тұрақты өмір салтына айналды. Сұрақ туындайды: бұл қалыпты құбылыс па, әлде қоғамдағы өзекті мәселенің көрінісі ме? Ресми мәліметке сүйенсек, Қазақстанда орташа жалақы 396 мың теңге шамасында. Алайда, бұл көрсеткіш барлық сала мен аймаққа ортақ емес. Әсіресе, ірі қалалардағы өмір сүру құны мен жалақы арасындағы алшақтық айтарлықтай.

Бір ғана Алматы немесе Астана қаласында жалдамалы пәтер ақысы, коммуналдық төлемдер, азық-түлік пен көлік шығындары табыстың тең жартысынан астамын «жұтып» қояды. Мұндай жағдайда бір жалақымен күн көру қиынға соғады. Сондықтан тұрғындардың бір бөлігі таңғы жұмысынан кейін кешкісін қосымша табыс көзін іздейді. Бұл – еріккеннің ермегі емес, табыстың тапшылығынан туған амал.

Уақыты аз, шаршауы көп, демалысы жоқ тірлік

Қосымша жұмыс адамның материалдық жағдайын сәл де болса жақсартуы мүмкін. Бірақ ол басқа маңызды дүниелерді жұтып қояды. Ең алдымен, уақыт пен энергия. Негізгі жұмысы 8 сағатқа созылатын адам екінші жұмыспен айналысқанда, оның күндік жүктемесі 12–14 сағатқа жетуі мүмкін. Мұндай жағдайда адамда жеке өмірге, отбасына, демалысқа, спортқа, өзін дамытуға уақыт жетпейді. Шаршау, ұйқысыздық, үнемі күйзеліс – осындай тірліктің көлеңкелі жағы. Мұндай өмір салты ұзақ мерзімде адам денсаулығына ғана емес, қоғамның жалпы өнімділігіне де кері әсер етеді. Демек,

бұл тек жеке бастың емес, ұлттық еңбек сапасының да мәселесі.

Қазір қосымша жұмыс істеудің формалары да өзгерген. Бұрын қосымша жұмыс дегеніміз екінші кеңсе, екінші басшылық болса, қазір бұл – онлайн платформалар, икемді график, фриланс, курьерлік қызмет, жеке сауда, әлеуметтік желідегі шағын бизнес. Кейбір азаматтар бұл процестен табыс тауып, өз кәсібін ашып кетуі мүмкін. Дегенмен, басым көпшілік үшін бұл – ұзақ мерзімді шешім емес, тек күнделікті қажетіне жарар қаражат көзі ғана.

Танымал бағыттар: кім немен айналысады?

Қосымша жұмыс іздеген азаматтар жиі мына салаларға бет бұрады:

- Курьерлік қызмет;
- Такси қызметі – жеке көлікпен тапсырыс орындау;
- Онлайн репетиторлық – білім саласындағы қосымша табыс;
- Фриланс – графикалық дизайн, мәтін жазу, аударма;
- Инстаграм саудасы – үйден шықпай кәсіп ету;
- Қолөнер және үй тағамдары – үйде отырып табыс табу жолы.

Мұның барлығы – формалды түрде жұмыс емес, яғни салық, әлеуметтік төлемдер, зейнетақы жарнасы сияқты құқықтық тетіктерден тыс қалады. Бұл болашақта зейнетақы мен медициналық көмек алу кезінде қиындық тудыруы мүмкін.

Қосымша жұмыс істеушілердің басым бөлігі – 30–45 жас аралығындағы еңбекке қабілетті азаматтар. Көбісі – отбасылы, балалары бар, жалдамалы пәтерде тұратын, несиесі бар, қалада тіршілік етіп жүрген қарапайым адамдар. Әйелдер арасында қосымша табыс табу үшін онлайн курстар жүргізу, үйден тамақ пісіру, тікелей сатылым жүйесіне қосылу, әлеуметтік желі арқылы қызмет көрсету жиі кездеседі. Ерлер көбіне курьерлік, такси, техникалық қызмет,

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан ЫСҚАҚ, экономист:

– Адамдардың қосымша табыс көзін іздеуі – кездейсоқ құбылыс емес. Бұл құбылысқа экономикалық және әлеуметтік факторлар әсер етіп отыр. Қазақстанда қосымша табыс көзін іздеудің негізгі себептерінің бірі – негізгі табыстың жетіспеушілігі.

Мысалы, елде жалақы өсімі инфляция деңгейінен кейін қалып отыр. Соның салдарынан халықтың нақты табысы төмендеп барады.

Екінші себеп – инфляция мен қымбатшылықтың күшеюі. Үшінші себеп – қаржылық міндеттемелердің, яғни несие мен қарыздардың артуы. Халықтың басым бөлігі қарызға тәуелді. Төртіншіден – жұмыссыздық пен бейресми сектор үлесінің жоғары болуы. Бұл жағдай қалыпты құбылыс па, әлде жүйелік мәселе ме деген сұраққа келсек, нарықтық экономика жағдайында қосымша табыс көзін іздеу кейде адамның белсенділігі мен бейімделгіштігін көрсетеді.

Алайда, қазіргі жағдайда бұл – жүйелік мәселенің көрінісі. Себебі, негізгі жалақы халықтың өмір сүруіне жеткіліксіз болып отыр.



құрылыс саласы сынды физикалық жүктемесі бар жұмыстарды таңдайды.

Мұндай тіршілік стилі бір сәтке жеңілдік әкелуі мүмкін, бірақ денсаулық, уақыт, қарым-қатынас, даму мүмкіндігі сияқты маңызды салаларды кері тартады. Екі жұмыста қатар істеу – адамның бейімділігі немесе еңбекқорлығы ғана емес. Бұл құбылыстың терең экономикалық және әлеуметтік себептері бар.

Атап айтқанда:

- Негізгі жалақының төмендігі;
- Тұрмыс шығындарының күннен-күнге өсуі;
- Жекеменшік баспанасының болмауы;
- Тұрақты әлеуметтік қолдау жүйесінің әлсіздігі;
- Кредит пен қарыз жүктемесінің артуы.

● ТҮЙІН:

Бұл факторлар азаматтарды таңдау құқығынан айырып, оларды мәжбүрлі еңбекке итермелейді. Қоғамда еңбек адамын құрметтеу, жалақыны нақты өнімге сай төлеу мәдениеті толық қалыптаспағаны да әсер етіп отыр. Екі жұмыста қатар істеу – бұл тек табыс табудың тәсілі емес, елдің әлеуметтік-экономикалық портреті. Бұл құбылыс – қазіргі қоғамның жалақы мен өмір сүру құны арасындағы теңсіздігінің көрінісі. Бүгінгі еңбек адамы тек жұмыс істеп қоймайды – ол күнкөріс үшін күреседі. Бұл күрес ешкімге жеңіл емес. Бірақ егер жүйе өзгермесе, шаршаған адам көбейеді, ал қоғамның даму қарқыны баяулайды. Сондықтан «екінші жұмыс» – қалыпты құбылыс қана емес, қауіпті тенденция екенін де түсінген жөн.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ.





СӘТТИ ОТА

ТІЛЕУЛЕС ЖҮРЕК

Алматылық дәрігерлер инфарктқа ұшыраған ерлі-зайыптыны аман алып қалды

Алматылық ерлі-зайыпты Қалибек пен Бақтыгүлдің отасып, осынау өмірдің ащы-тұщысын бірге татып келе жатқандарына 45 жылдан асты. Екеуі де бірдей еңбек етіп, бала өсіріп, бүгінде немере сүйіп отыр.

Отағасы ауыр инфарктпен ауруханаға түскенде, зайыбының да жүрегі сыр беріп, іле-шала ол да ауруханадан бір-ақ шыққан. №4 қалалық клиникалық ауруханада екеуіне де «жіті миокард инфаркті» диагнозы қойылды.

Алдымен 67 жастағы Қалибек Апуов өте ауыр жағдайда жеткізілді: жүрек тұсының қатты ауырсынуы, енгігу және жалпы әлсіздік белгілері байқалған. Үш күннен соң, жолдасының өмірі үшін қатты уайымдап, күйзеліске түскен 66 жастағы жұбайы Бақтыгүл Кенжахметова да дәл сол ауруханаға жатқызылды.

– Миокард инфаркті – әр секунд маңызды шұғыл жағдай. Науқас неғұрлым ерте мамандандырылған медициналық көмек алса, жүрек бұлшықетін сақтап қалу және асқынуының алдын алу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Медицинадағы «алтын уақыт» – алғашқы бірнеше сағат. Біздің пациенттерімізге ем уақытылы басталды, бұл – оң нәтиженің басты себебі болды, – дейді №4 аурухананың кардиореанимация бөлімшесінің реаниматолог-дәрігері Самат Тасболат.

Екі науқасқа да шұғыл түрде диагностикалық коронарография мен стенттеу жасалды. Бұл зақымданған артериялардағы қан айналымын қалпына келтіруге және инфарктың қауіпті салдарын болдырмауға мүмкіндік берді.

ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ

БІРНЕШЕ АДАМҒА
ӨМІР СЫЙЛАДЫ

Алматыда алғаш рет Орталық қалалық Аклиникалық аурухана базасында Офтальмология бөлімшесінің меңгерушісі Гүлзат Әбдірайымова мен АРҚТБ меңгерушісі Ғалымжан Пірмағамбетовтың жетекшілігімен биологиялық өлімі ауқымды геморрагиялық инсульттан кейін анықталған пациенттен екі көз алмасы сәтті алынды.



Бірегей ота қайтыс болғаннан кейінгі донорлықтың арқасында мүмкін болды. Яғни марқұм болған пациент тірі кезінде өзі рұқсатын берген және оны туыстары да қолдаған. Кератопластика арқылы жасалған ота (қасаң қабықты трансплантациялау) буллезді кератопатиямен және қасаң қабықтың бұлыңғырлығымен ауыратын екі науқасқа көру қабілетін қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Бұл ауыр аурулар қасаң қабықтың құрылымының бұзылуына, ісінуге, көру қабілетінің төмендеуіне және кейбір жағдайларда толық соқырлыққа әкеледі. Жалғыз тиімді емдеу – бұл қасаң қабықты трансплантациялау.

Сонымен қатар, көп мүшелі органдарды алу жүргізілді: Астанадағы Ұлттық ғылыми медициналық орталықта науқасқа жүрек трансплантацияланды; бүйрек елордаға жіберіліп, балаларға трансплантацияланды. Міне, бір адам донор болу арқылы еліміздің әр өңіріндегі бірнеше науқасқа өмір сыйлап кетті. Бұл – қазақстандық трансплантологияны дамытудағы және қайтыс болғаннан кейін донорлық мәдениетті қалыптастырудағы маңызды қадам.

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

ОЙЫН БАЛАСЫНЫҢ АМАНДЫҒЫНА
АТА-АНА ЖАУАПТЫ

Жаз айы балалардың емін-еркін асыр салып ойнайтын мезгілі. Өкінішке қарай, осындай сәттерде оқыс жағдайларға ұшырап қалатын балдырғандар да аз емес. Мәселен, күйіп қалуы, жарақаттануы, биіктен құлап немесе суға батып кетуі де мүмкін. Сондықтан бірінші кезекте ата-ана қырағы болуы керек. Балалардың аман болуы үшін қандай ережелерді қатаң ұстау тиіс? Бұл жөнінде №21 емхананың «Даму және ерте араласу орталығы» бөлімшесінің аға медбикесі А.Айдарова толығырақ айтып береді.

БИІКТЕН ҚҰЛАП КЕТПЕСІН

Баланы терезесі ашық бөлмеде бір секундқа да қараусыз қалдырмау керек. Ата-ана терезеге орнатылған москит торы да ешқашан қорғаныш болмайтынын білу керек. Сондай-ақ, бірде-бір үй жиһазы терезеге жақын болмағаны абзал. Мәселен, бала кереует не үстелге шығып терезені ашып алуы мүмкін. Кішкентай баланың терезенің қалай ашылатынын білмегені жөн. Терезенің кілттенгені жақсы.

КҮЙІП ҚАЛМАСЫН

Балаларды асүйде жалғыз қалдырмаңыз. Тамақ істеп тұрып баланы қолыңызда ұстамаңыз. Нәресте ойнап отырған жерде ыстық сұйықтықтар мен тағамдар тұрмасын. Дастарханның шетінен тартып қалып, үстіне ыстық тамақ төгіліп кетпеуін қадағалау керек.

Баланы шомылдырар алдында ваннадағы судың температурасын алақанмен емес, шынтақпен тексеріңіз. Электр розеткаларын жабатын қондырғы орнатыңыз. Күнделікті тұрмыста қолданылатын химиялық заттар, сіріңкелер, тез тұтанатын сұйықтықтар (қазанды, бітеліп қалған раковинаны тазартуға, майды кетіруге арналған және т.б.) балалардың қолы жетпейтін, құлыптанатын жерде болуы керек. Баланы көлікте жалғыз қалдырмаңыз.

СУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

Жуынатын бөлмеде кішкентай баланы қараусыз қалдырмаңыз, тіпті бір минутқа да болмайды. Ерте жастан жүзуге үйретіңіз. Ашық суда балаға сәйкес күртешелер кигізген дұрыс. Ұңғымаларды, цистерналарды, су бөшекелерін міндетті түрде және мықтап жабыңыз.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

КАЛЬЦИЙ –
маңызды макроэлемент

Кальций – адам организміндегі көптеген биохимиялық реакцияларға қатысатын маңызды макроэлемент. Ол сүйек пен тістің құрылысы мен нығайтудағы негізгі элемент, жүйке импульстарының өтуіне, миокардтың, қаңқа бұлшықеттерінің қалыпты жиырылуына, қанның ұюына қажет.

Кальцийдің бала ағзасындағы рөлі: сүйекті, тісті, бұлшық ет тінін қатайтады, олардың дұрыс жетілуін қамтамасыз етеді; жүрек соғысын бақылайды және жүрек бұлшық ет тінін қатайтады; жүйке импульстерін таратады, фермент синтездейді; қан қысымын ұстап тұруға септігін тигізеді; басқа да компоненттермен әсерлеседі; қан ұю процесіне қатысады; дәнекер тіндерін қатайтады және т.б.

Бала ағзасындағы кальций жеткіліксіздігіне әкелетін себептер: тағам рационында сүт тағамдарының

МАМАН КЕҢЕСІ

ӘР АДАМ БІЛУГЕ ТИІС МӘЛІМЕТ

Асқазан обыры – әлемдегі ең қауіпті онкологиялық аурулардың бірі

Жыл сайын бұл дерттен мыңдаған адам көз жұмады. Бірақ бұл кеселдің алдын алуға немесе ерте кезеңде анықтауға болады. Себептері, белгілері мен алдын алу жолдары туралы Алматы онкологиялық орталығының онколог-дәрігері Нұрсұлу ПУХАРБЕКОВА айтып берді.

Аурудың себептері:

– тұздалған, қақталған, қуырылған тағамды жиі тұтыну; шылым-

қорлық; алкогольді шамадан тыс қолдану; Helicobacter pylori инфекциясы; тұқымқуалаушылық; 50 жастан асқан адамдарда қауіп жоғары.

Асқазан обырының белгілері:

– жиі жүрек айну, құсу; етке деген жиіркеніш; кенеттен салмақ тастау; әлсіздік, тез шаршау; тамақтан кейін тез тойып қалу; қан құсу немесе нәжісте қанның болуы.

ЖОЛДА АБАЙ
БОЛЫҢЫЗ

Тротуарда жүргенде баланың оң жағында жүріңіз. Ересек адам жол жақта болуы керек. Баланы қолынан ұстап жүру қажет. Жолдан өтетін кезде тоқтап, жолды тексеріп алыңыз. Балаға жолды екі жағынан тексеріп, бағдаршамның түсіне, қозғалатын машиналарға назар аудару керек екенін түсіндіріңіз.

Ең қауіпті көлік – тұрған көлік. Бала оны қауіпсіз деп ойлап, артқы жағынан өте бергенде басқа көліктің астына түсіп қалуы мүмкін. Баламен жолға шықпас бұрын, алдын ала көшені, тұрған көлікті тексермей, алға жүрмеңіз.

Әрқашан баладан бұрын көліктен бірінші болып шығыңыз, әйтпесе бала құлап қалуы немесе жолға шығып кетуі мүмкін. Балаға тротуардың шетінде тұрмай, аялдама аймағында абай болуға үйретіңіз. Егер ол шағылысатын жолақтары немесе арнайы шағылыстырғыштары бар неон түсті киім киген болса, баланы сыртта көру оңайырақ болады.

Мотоцикл мен велосипедпен жүргенде балалар міндетті түрде қауіпсіздік дулығысын және басқа қорғаныс құралдарын қолдануы керек.

Баланы көлікте тек артқы орындықта және арнайы орындықта тасымалдауға болады. Статистикаға сүйенсек, баланы автокреслода тасымалдау өлімге әкелетін жарақат алу мүмкіндігін 75% -ға төмендетеді.

Ата-ана! Есіңізде болсын, сіз бала үшін үлгі және беделді адамсыз, сондықтан оған күнделікті тұрмыста және сыртта жүргенде қауіпсіздік тәртібінің қарапайым ережелерін үйретіп жүруден жалықпаңыз.

жетіспеуі; кальций сіңірілуінің тежелуіне әкелетін диеталар; кальций сіңірілуінің тежелуіне әкелетін организм ерекшелігі; Д витаминінің жеткіліксіздігі; тәтті газдалған сусындарды жиі қабылдау; кальцийдің ағзадан шайылып, шығып кетуіне әкелетін дәрі-дәрмектерді қабылдау; физикалық белсенділіктің жоқтығы; қалқанша безінің аурулары; ас қорыту жүйесінің бұзылысы және т.б.

Кальций жетіспеушіліктің клиникалық белгілері: жүрек аурулары; тым жоғары белсенділік, баланың шамадан тыс қозғыш болуы; қол-аяқ құрысулары; бұлшық еттердегі ауру сезімдері; іш өту немесе іш қатулар; тым жиі шөлдеу; физикалық немесе ақыл-ой жағынан дамудың тежелуі, т.б.

Бала организмінде кальций жетіспеушілігі бұдан да басқа ауруларға шалдықтыруы мүмкін. Сол себепті, балаңыздан осы белгілерді байқайтын болсаңыз, міндетті түрде дәрігер көмегіне жүгініңіз.



Алдын алу:

– көкөніс пен жемісті көп тұтыну; темекіден бас тарту; тұзды, қуырылған, қақталған тағамды азайту; H. pylori-ге тексерілу; 40 жастан кейін ФГДС тапсыру – міндетті!

Есіңізде болсын: рак неғұрлым ерте анықталса – толық емделу мүмкіндігі соғұрлым жоғары! Денсаулығыңызды күтіңіз!

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ



«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-інде 2025 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша жылдық есебі жөнінен жария тыңдау өткізілді

Сейсенбі, 2025 жылғы 15 шілдеде (басталу уақыты сағ. 15:00, аяқталу уақыты сағ. 16:00) тұтынушыларға және басқа да мүдделі тараптарға арналған 2025 жылдың 1 жартыжылдығындағы кәсіпорынның жылу энергиясын беру және тарату саласындағы қызметі туралы жылдық есебі бойынша тыңдаулар өтті. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС (бұдан әрі – «АлЖЖ») ЖШС) Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221 үй, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша жария тыңдаулар өткізді. Сондай-ақ ZOOM конференциясы арқылы онлайн трансляция жүргізілді.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсету – жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау саласындағы қызметі туралы есебі

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығының 299-тармағына сәйкес есеп келесі ақпаратты қамтиды:

- табиғи монополия субъектісі туралы жалпы ақпарат.
- бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.
- бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы.
- реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы.
- табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы.
- табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы.
- реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы.
- реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы.
- қызметтің перспективалары (*даму жоспарлары*), оның ішінде тарифтердің ықтималдық өзгерістері туралы

1. «АлЖЖ» ЖШС туралы жалпы ақпарат.
«АлЖЖ» ЖШС жылу энергиясын беруді, бөлуді және жабдықтауды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектісі болып табылады. «АлЖЖ» ЖШС негізгі қызметі «Алматы электр станциялары» АҚ (*ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЗТК*), «Алматыжылужай-энерго» ЖШС (*85 қазандық*) жылу көздерінен жылу энергиясын тасымалдауды қамтамасыз ету және Алматы қаласының тұтынушыларының жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады.

Табиғи монополия субъектісінің 2025 жылға арналған инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы ақпараты
«Алматы жылу жүйесі» ЖШС
Қызмет түрі: жылу энергиясын беру және тарату

р/б №	Реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ						Пайда және залал туралы есеп	Инвестициялық бағдарлама (жоба) сомасы, мың теңге, ҚҚС қоспағанда				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен көлемдері туралы ақпарат, мың теңге, ҚҚС қоспағанда				Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуының нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламалада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстырып тексеру туралы ақпарат**										Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламаладағы (жобадағы) көрсеткіштерден ауытқу себептерінің түсіндірмесі	Ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы мен сенімділігін жоғарылауын бағалау
	Реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Нағұрал көрсеткіштермен сана		Инвестициялық бағдарлама (жоба) аясында қызметті ұсыну кезеңі		Жосп	Нақты	ауытқу	ауытқу себептері	меншікті қаражаттар		Реттелетін қызметтерге жатпайтын қызмет	Қарыз қаражаттары	Бюджеттік қаражаттар	Өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, % бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) азаюы, % бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша		Шығыстардың азаюы, % бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша		Апатталықтан азаю, бекітілген инвестициялық бағдарламала (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша				
				Амортизация	Пайда							өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі				өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	жосп	нақты	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	
1	Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау	Объектілерді күрделі жөндеу, жаңғырту	жұмыстар кешені	39	9	2025 жылдың 1 жартысы	883 834,19	4 083 921,54	265 870,10	3 818 051,44	-	265 870,10	-	-	-	6 000 000,00	-	-	56,1	56,1	15,62	15,62	2 012	1 142	-	-	
2		ЖСКЭ әзірлеу	жұмыстар кешені	9	2			106 689,71	22 500,00	84 189,71	-	22 500,00	-	-	-												
3		Мемлекеттік сараптама	жұмыстар кешені	33	3			51 515,92	5 750,38	45 765,54	-	5 750,38	-	-	-												
4		Сорғы, желдету, дәнекерлеу жабдықтары, электр қозғалтқыштар	жиын./дана	29	8			149 941,72	1 792,00	148 149,72	-	1 792,00	-	-	-		-	-									
5		Ілмекті арматура	дана	423	23			421 045,27	77 933,03	343 112,24	-	77 933,03	-	-	-		-	-									
6		Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	жұмыс/ дана/жыл	501	502			8 636,63	47 735,00	-39 098,37	-	47 735,00	-	-	-		-	-									
7		Жылу алмастырғыш жабдықтар	дана	0	2			0,00	10 976,00	-10 976,00	-	10 976,00	-	-	-		-	-									
8		Электрондық жабдықтар (Ұйымдастыру техникасы)	жиын./дана	0	3			0,00	41 903,63	-41 903,63	-	41 903,63	-	-	-		-	-									
9		Басқа	жиын./дана	49	60			7 456,58	26 217,28	-18 760,70	-	18 760,70	-	7 456,58	-		-	-									
				1 083	612		883 834,19	4 829 207,36	500 677,41	4 328 529,94		493 220,84		7 456,58	0,00	6 000 000,00											

1. Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы
2025 жылдың 1 жартыжылдығына жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы.

ҚҚС-сыз

р/б №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2025 ж. 1-ші жарты-жылдығындағы орындалуы	%	Ескертпе
1	2	3	4	5		
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға жұмсалған шығындар, барлығы	мың теңге	26 298 558,13	13 405 304,03	-49%	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	1 603 523,15	1 454 055,41	-9%	
	соның ішінде:					
1.1	Шикізаттар мен материалдар	мың теңге	103 276,65	81 132,97	-21,4%	Орындалу және шарт жасасу кезеңінде тұр.
1.2	ЖЖМ	мың теңге	97 502,75	236 670,22	143%	Артық шығын жұмсаудың себебі: – бензин бағасының 36%, диз.отынның 52% өсуі (2020-2025ж.ж. бастап); – ЖЖМ көлемі бір жылға толық көлемде сатып алынды;
1.3	Су және кәріз	мың теңге	27 728,02	25 552,60	-7%	«Алматы Су» МКК тарифінің өсуі (2020-2025ж.ж. бастап): - технологиялық қажеттіліктерге арналған су 160% - шаруашылық қажеттіліктерге арналған су 102%
1.3.1	Шар. қажеттіліктерге арналған су	мың теңге	27 728,02	3 949,5	-7%	
1.3.2	Технологиялық қажеттіліктерге арналған су			18 974,8		
1.3.3	Кәріз			2 628,3		
1.4	Энергия	мың теңге	1 375 015,73	1 110 466,38	-19%	2020-2025ж.ж. бастап тарифтердің өсуі: – электр энергиясына 84%; – «АлЭС» АҚ жылу көздерінің жылу энергиясына - 58%, «АЖЖЭ» ЖШС - 104%.
1.4.1	Өндірістік қажеттіліктерге арналған электр энергиясы	мың теңге	1 306 725,12	1 049 468,31	-20%	
1.4.2	Шар. қызметтерге арналған жылу энергиясы және химиялық тазартылған су	мың теңге	68 290,61	60 998,08	-11%	
2	Еңбекақы төлеу шығыстары, барлығы	мың теңге	10 570 498,18	5 314 840,76	-50%	
3.	Амортизация	мың теңге	4 683 333,35	3 142 880,19	-33%	
4.	Нормативтік шығындарға жұмсалған ақша	мың теңге	8 211 423,60	2 679 441,92	-67%	
5.	Жөндеу	мың теңге	954 325,10	516 044,07	-46%	
6.	Салықтар (экологиялық төлемдер)	мың теңге	1 710,40	741,09	-57%	
7.	Шеттегі ұйымдардың қызметтері, всего	мың теңге	273 744,35	297 300,60	9%	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	2 781 381,91	1 490 429,60	-46%	
9.	Сыйақы төлеуге шығыстар	мың теңге	5 748,51	0,00	0%	
III	Пайда	мың теңге	29 085 688,54	14 895 500,41	-49%	
IV	Пайда	мың теңге	0,00	3 014 903,97	0%	
V	Кірістердің барлығы	мың теңге	29 085 688,54	17 910 404,37	-38%	
VI	Көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі	мың Гкал	6 712,68	4 133,54	-38%	
VII	Нормативтік техникалық шығындар	%	15,62%	13,82%	-12%	Жартыжылдық қорытындылары бойынша
		мың Гкал	1 242,85	662,92	-47%	
VIII	Тариф (ҚҚС қоспағанда)	теңге/Гкал	4 332,95	4 332,95	0%	

31.12.2024 ж. жағдай бойынша жылу желілерінің ұзындығы 1 399,9 км құрайды, оның ішінде:

- Магистралдық жылу желілері (*МЖЖ*) – 315,6 км;
- Тарату жылу желілері (*ТЖЖ*) – 1 084,3 км.

Жылу желілерінің гидравликалық жұмыс режимін қамтамасыз ету үшін 69 сорғы станциясы (*магистралдық сорғы станциялары – 20 бірл., бөлу станциялары – 49 бірл.*) орнатылды.

ЫСЖ-н шекті жүктемелерін түзеу үшін 24 бак-аккумулятор орнатылды.

31.12.2024ж. жағдай бойынша пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын жылу желілерінің үлесі 56,1% немесе 786,0 км құрайды, соның ішінде:

- ТЖЖ: 63,2% немесе 685,6 км;
- МЖЖ: 31,8% немесе 100,4 км.

Желілердің негізгі үлесін диаметр 40 мм-ден 400 мм дейінгі 1 210,48 км (86,5%) құбырлар құрайды, диаметрлері 500 мм-ден 1000 мм дейінгі желілердің үлесі 189,42 км (13,5%) құрайды.

Жыл сайын «АлЖЖ» ЖШС-ң жалпы ұзақтығына «АлЖЖ» ЖШС-ң теңгеріміне берілген қайта салынған және коммуналдық жылу желілері қосылады. «АлЖЖ» ЖШС жылу желілерінің ұзақтығы 2023 жылмен салыстырғанда 14,6 км ұзарған.

2. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығының 6-тарауының 335-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Тарифтерді қалыптастыру қағидалары, ТҚҚ) «АлЖЖ» ЖШС субъектісінің инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының даму басымдықтары мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып әзірленді, сәйкесінше онда:

- қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, жаңғырту, жаңарту, жылумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсету үшін технологиялық циклде тікелей пайдаланылатын жаңа активтерді құру;
- энергия үнемдеуді қамтамасыз ету және энергия тиімділігін арттыру;
- көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (жылу және ыстық сумен жабдықтау) сапасын арттыру.

ТҚҚ-ның 6 тарауының 338 тармағына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру «АлЖЖ» ЖШС тарифіне енгізілген пайда мен амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылуы тиіс. 2025 жылдың 1 жартыжылдығына «АлЖЖ» ЖШС нақты амортизациясы бекітілген мөлшері 4 982,6 млн. тг. бола тұра, 5 601,6 млн. тг. құрайтынын айта кету керек.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Департаменті (*бұдан әрі - ТМРҚД*) 2025 жылғы 19 маусымдағы №44-ОД бұйрығымен 2025 жылдың инвестициялық бағдарламасын орындау жоспарына 4 829,2 млн. тг. сомасына түзетуді бекітті, іс жүзінде 2025 жылдың 1 жартыжылдығына инвестициялық бағдарламаның орындалуы 500,7 млн.тг. құрады, инвестициялық бағдарлама 10% орындалды. Келісім орындалу сатысында.

2. Реттелетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері туралы
3. Табиғи монополиялар субъектісінің қызметінің тиімділік көрсеткіштері туралы:
«АлЖЖ» ЖШС-де реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тариф пен тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейінің шығындық әдіспен бекітілуіне байланысты бекітілмеген (*2022 жылғы 11 қаңтардағы №143-Од Бұйрық*).

Реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолданған кезде бекітіледі (*2019 жылғы 13 тамыздағы №73 Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының 13-тарауы*).

4. Қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы
2025 жылдың 1 жартыжылдығы кезеңінде Кәсіпорын 45,2 млрд. теңге мөлшерінде кіріс алды, негізгі 98%-ы жылу энергиясын өткізудің үлесінде; жалпы кірістің 2% Кәсіпорынның басқа және өзге түсімдерінің үлесінде (*инженерлік желілерге қызмет көрсету, металл сынықтарын сату, есепке алу аспаптарын орнату және т.б.*).

2025 жылдың 1 жартыжылдығына үшін шығыстар 44,3 млрд. теңгені құрады, шығындардың негізгі үлесі жылу көздерінен жылу энергиясын сатып алуға жұмсалады – 71%. Одан басқа, негізгі шығындар мыналарға жұмсалады: амортизация – 7,1%; жалақы – 14%; электр энергиясы, салықтар және жөндеу – 4,9%; сондай-ақ басқа шығыстар – 3% (*айыппұлдар, тұрақсыздық төлемі, өсімтұлдар, зардап шеккендерге өтемақы, мүшелік жарналар және т.б.*).

2025 жылдың 1 жартыжылдығының қаржылық нәтижесі бойынша пайда көлемі 0,9 млрд.теңгеге құрады.

5. Ұсынылған реттелетін қызметтер көлемдері туралы
2025 жылдың 1-ші жартыжылдығының ішінде жылу энергиясын өткізу көлемі 4 133,54 мың Гкал құрады. 2024 жылдың 1-ші жартыжылдығымен (4 220,38 мың Гкал) салыстырғанда көлемі 2% немесе 86,84 мың Гкал азайды.

6. Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізіліп жатқан жұмыс туралы
2025 жылдың 1 жартыжылдығына Кәсіпорын бойынша келіп түскен хат-хабарлар саны, электрондық құжат айналымында ресми тіркелген **10 798 сұраныс болған**, яғни, 2024 жылдың әуелгі 1 жартыжылдығымен салыстырғанда тиісті көрсеткіш 6% немесе 658 өтінішке азайды. Барлық кіріс қореспонденциясының **59%** Кәсіпорынның коммерциялық блогының үлесінде.

«АлЖЖ» ЖШС-де «Бір терезе» қағидағы бойынша жұмыс істейтін 3 (үш) Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы (Батыс, Орталық, Шығыс) жұмыс істейді. Бұл тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға және құжаттарды рәсімдеу және қызметтерді ұсыну мерзімдерін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары **44 128** тұтынушыны қабылдады, 2024 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда тұтынушыларды қабылдау 5% жоғарылаған.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында қабылданған кіріс

қоңырауларының саны **153 977** жетті, оның **52%** – Байланыс-орталығына келіп түскен қоңыраулар. 2024 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда **2%** артық. Қалған **48%** немесе **74 496** кіріс қоңырауларын Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының қызметкерлері қабылдаған. артық

Оған қосымша, Серіктестік өтініштерді Интернет-ресурстар арқылы, WhatsApp-мессенджерлер, Кәсіпорынның ресми сайты, Facebook, Instagram әлеуметтік желілері және басқа жолдармен қабылдайды.

Мысалға, WhatsApp мессенджері арқылы, 2025 жылдың 1 жартыжылдығында тұтынушылардан **10 130** сұраныс түсті, бұл 2024 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда **64%-ға** өсті.

6. Қызметтің перспективалары, соның ішінде тарифтердің өзгеру мүмкіндігі туралы:
2025-2026 жж. жылыту кезеңіне дайындық:
2025 жылға арналған Жылу желілерін жаңғырту жоспары:

- ҚЭН бағдарламасы бойынша жалпы ұзақтығы 15,4 км құрайтын 33 жылу желілері объектілерін (олардың ішінде 4-уі 2026 жылға өтетін объектілер) 8,5 млрд. теңге сомасына жаңғырту жоспарланған;
- «АлЖЖ» ЖШС-ң инвестициялық бағдарламасы бойынша жалпы ұзақтығы 8,1 км құрайтын 18 жылу желілері объектілерін (олардың ішінде 4-уі 2026 жылға өтетін объектілер) және 1 сорғы станциясы – 4,0 млрд. теңге сомасына жаңғырту жоспарланған;
- Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» КММ тапсырысы бойынша ЖАО қаражаттары есебінен жалпы ұзақтығы 4,7 км құрайтын 10 жылу желілері объектілерін (олардың ішінде 8-і 2024 жылдан өтетін объектілер) және 1 сорғы станциясы – 8,6 млрд. теңге сомасына жаңғырту жоспарланған.
- Жылу желілерін ағымдағы жөндеу – 10,8 км.;
- Оқшаулағышты қалпы

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ	
Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 9 шілдедегі №222 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 15 шілдеде №212288 болып тіркелді.	
ШЕШІМ	
2025 жылғы 9 шілде	№222
«Алматы қаласы Алматы хайуанаттар бағының ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №498 шешімінің күші жойылды деп тану туралы	
«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ: 1. «Алматы қаласы Алматы хайуанаттар бағының ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №498 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1660 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.	
Алматы қаласы мәслихатының төрағасы	М.ОТЫНШИЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алмалы ауданының **«Ten Qogam»** мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А.
Телефон: +7 (727) 378–88-04.
Instagram: tenqogam.almaly.2025

СТАТИСТИКА

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті көрсететін мемлекеттік қызметтер
Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді: 1) «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»; 2) «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»; 3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»; 4) «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру». «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады. Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді. Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоталытқан немесе соттылығы өздеріне қатысын өтелген немесе алыншп тағалған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады. «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті. Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүпінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет. Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні. Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.
М.Е.ЕРЖАНОВ, Комитеттің Алматы қаласы бойынша департамент бастығының орынбасары. «Заң мен Тәртіп».

КОНКУРС

«Алматы қ. Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бас лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:
1. Алматы қ. Білім басқармасының «№161 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау а., «Шаңырақ-1» шағын а., Өтемісұлы к., 109 Б үй.
2. Алматы қ. Білім басқармасының «№165 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау а., «Улжан-1» шағын а., Қадырғали Жалайыри к., 46-үй.
3. Алматы қ. Білім басқармасының «№168 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі, Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алатау а., «Дархан» шағын а., Халифа Алтай к., 20/2 үй.
4. Алматы қ. Білім басқармасының «№6 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы а., Жамбыл к., 176 Г үй.
5. Алматы қ. Білім басқармасының «№20 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы а., Абылай хан даңғылы, 102/68 үй.
6. Алматы қ. Білім басқармасының «№39 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Әуезов а., 8 ықшам а., 42-үй.
7. Алматы қ. Білім басқармасының «№55 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Әуезов а., Пятницкого к., 51-үй.
8. Алматы қ. Білім басқармасының «№40 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық а., Байсеитова к., 45 А үй.
9. Алматы қ. Білім басқармасының «№68 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық а., Айманов к., 20-үй.
10. Алматы қ. Білім басқармасының «№88 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық а., Жандосов к., 36 А үй.
11. Алматы қ. Білім басқармасының «№140 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық а., Сәтбаев к., 101/1-үй.
12. Алматы қ. Білім басқармасының «№200 арнайы бөбекжай-балабақша» КММ меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық а., Пирогов к., 2-үй.
13. Алматы қ. Білім басқармасының «№51 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу а., Есенов к., 205/1-үй.
14. Алматы қ. Білім басқармасының «№171 бөекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Жетісу а., «Көкжиек» шағын а., 67-үй.
15. Алматы қ. Білім басқармасының «№141 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Медеу а., Погодина к., 82/86-үй.
16. Алматы қ. Білім басқармасының «№15 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб а., Сауранбаев к., 24-үй.
17. Алматы қ. Білім басқармасының «№118 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб а., Сейфуллин к., 189-үй.
18. Алматы қ. Білім басқармасының «№119 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб а., «Алтай-1» шағын а., 11 Б үй.
19. Алматы қ. Білім басқармасының «№122 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб а., Успенского к., 83-үй.
20. Алматы қ. Білім басқармасының «№145 сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстар бар балаларға арналған арнайы бөбекжай» КММ меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб а., Сейфуллин к., 188 А үй.
21. Алматы қ. Білім басқармасының «№173 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб а., Сельскохозяйственная к., 21-үй.
22. Алматы қ. Білім басқармасының «№185 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Заңды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб а., Майлин к., 17 А үй.
Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 707 358 32 42. Электрондық адрес: service.ок.2@mail.ru Толық ақпаратты www.aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

АУДИТ

Алматы бюджетінің 2025 жылғы 1 жартыжылдықтағы аудиті: анықталған бұзушылықтар және тиімділікті жақсартуға бағытталған қадамдар
2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 32 аудиторлық іс-шара өткізді, онда 26 292,8 млн. теңге мөлшерінде бұзушылықтар анықталды. Бұл деректер мемлекеттік бюджеттің шығыстарын сапалы бақылаудың өзектілігі мен қажеттілігін растайды, бұл әсіресе қазіргі экономикалық сын-тегеурін жағдайында маңызды. Анықталған бұзушылықтардың жалпы санының қаржылық құрамдас бөлігі 3337,3 млн. теңгені құрады, ал рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 22 955,5 млн. теңгені құрады. Осы бұзушылықтардың жекелеген аспектісін де бөліп көрсету маңызды: 5914,6 млн. теңге мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын сақтамаумен байланысты болды. Бұл масштаб жедел шешуді қажет ететін жүйелік мәселелерді көрсетеді. Ден қою шараларын қабылдай отырып, Департамент бюджетке 2293,3 млн. теңгені өтей алды, бұл аудит органдары жұмысының тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Алайда, сандар өздері үшін айтады – бұзушылықтардың ауырлығы назардан тыс қалмауы керек, өйткені мұндай фактілердің әрқайсысының артында Қоғам үшін нақты салдар жатыр. Бұдан басқа, жүргізілген аудиттер нәтижесінде 24 әкімшілік іс қозғалды, олардың жалпы сомасы 5,7 млн. теңгені құрады. Осы сомадан бюджетке 5,5 млн. теңге өндірілді, ал 24 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, бұл жіберілген қателіктер мен бұзушылықтар үшін жауапкершіліктің маңыздылығын көрсетеді. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау да өзіне назар аударады. 1 366 932,4 млн. теңге сомасына бұзушылықтарды жою туралы 1764 хабарлама жіберілді. Бұл, әрине, бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығы мен жауапкершілігін арттыру үшін қажет. Қазақстан Республикасының Бюджеттік атқару саласындағы заңнамасының нормаларын сақтамау бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуын шектей отырып, бюджетті әзірлеу және атқару процесін айтарлықтай нашарлатады. Осыған байланысты Департамент мекемелер басшылары мен квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін олардың тиімділігін арттыруға және қызметін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар жіберілді. Осылайша ішкі мемлекеттік аудит департаменті жұмысының ұсынылған нәтижелері мемлекеттік қаржыны үнемі бақылаудың маңыздылығы мен қажеттілігінің жарқын мысалы болып табылады. Жағдайы жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу бюджет қаражаты шығыстарының ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін жаңа көзжиектер ашады, бұл, әрине, қала мен тұтастай алғанда елдің тұрақты дамуының негізгі аспектісі болып табылады.

КОНКУРС

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бас лауазымы орнына орналасуға конкурс жариялайды
Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 050014, Алматы қаласы, «Көкмайса» шағынауданы, 26 Е, телефон 252-62-15. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беретін жұмыстар кешенін орындау болып табылады, соның нәтижесінде жолдар мен жол құрылыстарының келіктік-пайдалану жай-күйі сақталады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты – қаланың көше-жол желісін санитарлық тазалау болып табылады. Кәсіпорын алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады: 1) қала көшелерінің жолдарын көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау бойынша жұмыстарды бөлу жолағындағы қоқысты жинау, оны тиеу және қоқыс тігелітін жерге шығару, бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөпті жинау, қала көшелерін тазалау және жуу, су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқысты шығару арқылы жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау, тротуар мен жау жүргіншілер аймағын қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау және жуу; 2) қала көшелерінің жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыстарды көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау, жолдарды қардан тазалау, жолдарды қар үйінділерінен тазарту, жолдардың жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, қарлы дуалдарды жою, қала көшелерінің жүру бөлігін, тротуарларды көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу және оларды жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау, автобус аялдамаларын қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау жұмыстарын орындау. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары техникалық білім. Басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін, Экологиялық кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік меншік туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет. Кәсіпорынның өндірістік технологиясын және қызмет көрсетуін, ұйымды басқарудың жаңа әдістерін, стратегиялық жоспарлау, экономикалық индикаторлар жүйесін, шаруашылық және қаржылық келісім-шарттарды жасасу тәртібі мен орындалуын, Кәсіпорынның экономикасын және қаржысын басқаруды, еңбек және өндірісті ұйымдастыруды, салалық келісімдерді, ұжымдық келісім-шарттарды әзірлеуді және жасасуды, әлеуметтік-еңбек қатынастарды реттеуді, еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі қажет. Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын негізінде өткізіледі. Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі: 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме; 3) белгіленген тәртіппен куәландырылған, білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 4) белгіленген тәртіппен расталған еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және одан еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері; 5) №075/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби дарылық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады. Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы ресми сайтында www.gov.kz/temleket/entities/almaty-uzh, жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасына 050021, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85, 5-қабат, әкімшілік бөлімі (506-каб.) мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімелесуді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасында өтеді. Анықтама телефоны: 225-12-13.


Бас директор – Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ Қабылдау бөлмесі: тел: 293-08-03.
Бас директордың орынбасары – Абдухалил ЖАЛИЛОВ тел: 293-08-03 (ішкі 102).
Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары – Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА тел.: 293-04-28.
Бас редактор – Төрехан ДАНИЯР тел: 293-52-24.
Бас редактордың орынбасары – Есхат БОЖАН тел: 293-52-36.
Жауапты хатшы – Серік ЖҰМАБАЕВ тел: 293-52-43.
Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – Рая ЕСКЕНДІР
Қала тынысы бөлімінің редакторы – Нұржамал ӘЛІШ
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ тел: 293-52-36.
Коммерциялық директор – Куаныш ДЮСКАЛИЕВ тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com тел: 293-08-25
Шығармашылық даму жөніндегі кеңес
Кеңес төрағасы – Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
Кеңес мүшелері: Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY
Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.
Меншік иесі: «Alatau Aqparat» ЖШС. E-mail: alatauaqparat@gmail.com Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.
Газет аптасына 2 рет, сөйсенді және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)
Кезекші редактор – Ернұр РЫСБАЙ
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЕҢБЕК АДАМЫ

АҚБӨПЕНІҢ ӘЛЕМІ

Рая
ЕСКЕНДІР

Ақ мата боп өрілген арман

Ақбөпе – Алматы іргесіндегі Ұзынағаштың тумасы. Ес білген кезінде ата-анасы Алматыға қоныс аударып, №137 мектепте оқыды. Кейін №17 мектеп-интернатында оқуын жалғастырған Ақбөпенің нағыз оқушылық кезеңі басталады. Білім шаңырағында өткен кездесулер мен әдеби кештерге үзбей қатысқан қыздың қиялы сан тарапты шарлайтын. Балалық көңіл дегенді қойсаңызшы, ондай сәтте Ақбөпенің ақын да, әнші де болғысы келіп кететін еді. Бірде оқу ордасының басшысы Тоқтар ағайдың «Ақбөпе, осы сенің саусақтарың сондай салалы, түбі сенен не биші, не тігінші шығады» деп айтқаны есінде қалыпты. Ондай сәтте Ақбөпе «оқуымды әрі қарай жалғастырсам ба, жоқ жұмыс жасағаным жөн бе?» деп ойланып қалатын. Ақыры, Ақбөпенің анаға деген махаббаты жеңді. Ол 9-сыныптан соң тігіншілік жолды таңдап, анасының ізін жалғады.

Жалпы, ол бала күнінен ине-жіпті серік етті. Әжесінің құрақ көрпесіне қызыға қарап өскен Ақбөпе үлкен шеберге айналатынын білмеген де шығар. «Бала күнімде қуыршақтарымды түрлі мата қалдығына орап, оларға көйлек тігетінмін. Ал өзіме 5-сыныпта оқып жүргенімде әдемі белдемше тігіп алдым. Кейін былғарыдан сөмке дейсіз бе, тағы біраз бұйым тіктім. Алғашқы тігін машинкамды 18 жасымда сатып алдым», – дейді.

Ақбөпенің анасы нағыз ісмер, бес саусағынан өнер тамған тігінші болғандықтан шығар, қызын да өзі тәмамдаған оқу ордасына алып келеді.

– Анам сондай еңбекқор кісі. Өзіне небір әдемі киімдер тігіп алатын. Қазір де өзі тіккен көйлекті кісе болды, бәрі таңдана қарайды. «Осындай әдемі киімді дүкеннен іздеп таппаймыз. Сен қайдан аласың?» деп сұрап жатады. Ондай кезде анам жәй ғана он саусағын көрсетеді, – дейді тігінші қыз.

Алматы сән және дизайн колледжінің «Сәнгер пішуші» мамандығын игерген тігінші бүгінде өз саласының нағыз маманына айналды.

– Колледжде оқып жүрген кезімде жазғы демалысқа шыға сала, сән ательесінде жұмыс істейтінмін. Әлі есімде, алғаш рет жалақымды алғанда маған ақша емес, тапсырыспен тіккен көйлек сондай ыстық болды. Мен ешқашан ақшаға қызығып, жұмыс істеген емеспін. Жалпы, маған кез келген тапсырыс берушінің эмоциясы ұнайды. Егер тіккен киім ойынан шықса, айнаға қайта-қайта қараумен болады. Мәселен, маған киім тігудің қыр-сырын үйреткен шебердің айтуынша, ол кісі бес жыл бойы тігін цехында тегін жұмыс істеген екен. Есесіне, мол тәжірибе жинады. Мен де солай етуге тырыстым. Ал тапсырыс берушілердің көйлектерін үйде отырып-ақ тігетін едім, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде Ақбөпе тігіншілік кәсібін жалғастырып, өзінің бизнесін ұршықша үйіріп отыр. Оның шағын ғана тігін цехы



бар. Сырттай қарағанда, қарапайым көрінетін сырлы есіктің ар жағында талай бойжеткеннің арманына айналған ақ көйлек, көк көйлек, қынама камзол, қос етек көйлектер. Бұған қоса, қуаныш пен қимастықтың куәсі болған ұзатылар қыздың сән-салтанатына арнайы тігілген көйлектер мен ұлттық киімдер дүниеге келді. Бұл – тігінші Ақбөпе Асылбекқызының шағын болса да, шексіз шабытқа толы шеберханасы.

Той көйлектің төресі – жүрекпен тігілген дүние

Ақбөпенің есімі бүгінде тек ұлттық киім ғана емес, той көйлектерін тігумен де танымал. Әсіресе, қазақтың салт-дәстүріне сай, қыз ұзатыларда киетін әшекейленген көйлектер оның нағыз шығармашылық қолтаңбасына айналған.

«Қалыңдықтың көйлегі тек әдемі болмауы керек, ол – шаңырақ көтеретін қыздың жаңа өмірге қадамының символы. Әр көйлекті тіккен сайын, сол қыздың анасы, болашақ жары, арманы бәрі көз алдымнан өтеді. Мен үшін бұл жәй ғана жұмыс, яғни тапсырыс емес, жауапты қызмет», – дейді шебер.

Бір қызығы, Ақбөпенің тігін цехына келгендердің талап-тілегі әрқилы боп келетін көрінеді. Бірі аппақ матадан көйлек кигісі келсе, бірі көкпеңбек, енді бірі күлгін түсті таңдайды екен.

«Көп қыздар тойдан кейін де киетін көйлек тіккізіп жатады. Бір есептен бұл да дұрыс сияқты. Қазір көп қыздар той көйлекті кейін де, яғни отбасылық кештерде, мерекелерде киюге болатындай етіп тапсырыс береді», – дейді Ақбөпе. Оның қолынан шыққан көйлекті киген талай қалыңдық бүгінде өз шаңырағында ана атанып отыр. Бұл – Ақбөпенің көзге көрінбейтін, бірақ жүрекпен сезілетін еңбегінің жаңғаны. Ақбөпе Асылбекқызының өмір жолы қарапайымдық пен табандылықтың, өнер мен өнегенің айғағы. Ендеше, осындай алтын қолды шеберлерді елге таныстыру – бізге парыз, ал олардың қолтаңбасын сақтау – ұрпаққа аманат.

ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ

Алматы музейінде жазғы демалыс бойы балаларға арналған «Жас археолог» атты танымдық бағдарлама іске қосылды. Ол мектепте сабақ басталғанша балалардың жазғы демалысын қызықты әрі тиімді өткізуі үшін ұйымдастырылған.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл жоба әсіресе, осы бастан тарихқа, археологияға, зерттеуші бағытқа қызығып жүрген кішкентай достарымыз үшін қызықты болары сөзсіз. Әр сабақ ойын түрінде өтеді. Оларға археологиялық қазба жұмыстары қалай жүргізілетіні, ол үшін қандай құралдар қолданылатыны және табылған заттар қалай жазылып, таңбаланып айтылады.

Сабақтың практикалық бөлігінде

«ЖАС АРХЕОЛОГ» – танымдық ойын

арнайы дайындалған алаңдағы жас зерттеушілер нағыз археологтар сияқты өздері «қазба жұмыстарын жүргізеді», артефактілерді «табады», оларды сипаттайды және эскиздерін жасайды. Сондай-ақ, бағдарламада мұражай залдарына танымдық экскурсиялар, квест-ойындар бар.

«Жас археолог» танымдық бағдарламасы жазғы демалыста сәрсенбі сайын сағат 12.00-де Алматы қаласының тарих мұра-жайында (Қабанбай батыр көшесі, 132-үй) 10 оқушыдан топ жиналған кезде жүйелі түрде өткізілетін болады. Есік барлық жеткіншекке айқара ашық. Жобаға қатысқысы келетін балалар 8 707 787 73 10 WhatsApp нөміріне жазуына болады. Міне, күні кеше ғана тағы бір сабақ сәтті өтті. Оған балалар қызыға қатысып, өткен дәуірге саяхат жасап қайтты.

